Арал теңізі (Қызылорда обл.)	5,68 (нормативті таза)	3,98 (нормативті таза)	Еріген оттегі	3,98	
	1,5 (нормативті таза)	1,4 (нормативті таза)	ОБТ5	1,4	
	2,9 (ластанудың орташа деңгейі)	2,5 (ластанудың орташа деңгейі)	негізгі иондар		
			Сульфаттар	430	4,3
			биоенді заттар		
			Жалпы темір	0,12	1,2
			ауыр металдар		
		Мыс	0,002	2,0	

2018 жылғы қыркүйек айындағы Қазақстан Республикасы жер үсті суларының (ЖЛ) және (ЭЖЛ) жағдайлары

ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне керекті іс-шаралар қабылдау үшін жедел түрде хабарланды.

Жер үсті суларында **15 су нысанында 28 ЖЛ жағдайлары**: Сарысу өзені (Қарағанды облысы) - 3 ЖЛ жағдайлары, Шерубайнұра өзені (Қарағанды облысы) 2 ЖЛ жағдайлары, Соқыр өзені (Қарағанды облысы) - 1 ЖЛ жағдайы, Қылшықты өзені (Ақмола облысы) - 2 ЖЛ жағдайлары), Шағалалы өзені (Ақмола облысы) - 1 ЖЛ жағдайы, Елек өзені (Ақтөбе облысы) - 6 ЖЛ жағдайлары, Брекса өзені (ШҚО) - 1 ЖЛ жағдайы, Тихая өзені (ШҚО) - 1 ЖЛ жағдайы, Глубочанка өзені (ШҚО) - 1 ЖЛ жағдайы, Үлбі өзені (ШҚО) - 2 ЖЛ жағдайлары, Красноярка өзені (ШҚО) - 1 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір өзені (Қарағанды облысы) - 3 ЖЛ жағдайлары, Кіші Шабакты көлі (Ақмола облысы) 2 ЖЛ жағдайлары, Үлкен Шабакты көлі (Ақмола облысы) - 1 ЖЛ жағдайы, Жүкей көлі (Ақмола облысы) - 1 ЖЛ жағдайы тіркелді.

Жер үсті суларының жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

5-кесте

Су объектілерінің атауы, бақылау орындары, тұстамалары, облыс	ЖЛ саны	Су сынамаларын алу күні, айы, жылы	Сараптама жүргізу күні, айы, жылы	Ластаушы заттар			ҚР ЭМ ЭРБК қолданылған шаралары
				Атауы	Шоғыр, мг/дм ³	ШЖШ асу еселігі	
Қылшықты өзені, Көкшетау қ., кірпіш зауытының ауданы	1 ЖЛ	11.09.2018	11.09.2018	Марганец	0,490	49,0	Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 18, 112 баптарына сәйкес табиғатты қорғау мемлекеттік органдарының арасында өзара іс-қимыл шеңберінде барлық ЖЛ жағдайлары бойынша ақпарат «Есіл бассейндік инспекциясы» РММ, арнайы уәкілетті органдарға себепін зерттеу және тиісті шара қабылдау үшін жіберілді.
Қылшықты өзені, Ақмола облысы, б/б «Аққу» ауданы	1 ЖЛ	11.09.2018	11.09.2018	Марганец	0,162	16,2	
Шағалалы өзені, Ақмола облысы Заречное ауылы	1 ЖЛ	11.09.2018	11.09.2018	Марганец	0,214	21,4	

							Департамент су объектілерінің жағалаулық аймағын зерттеді, антропогендік әсер анықталмады. Бұл ингредиенттер негізінен табиғи сипатта болады, бұл су қоймаларының белгіленген табиғи байлығына байланысты, аталған аудандарда өндірістік қызмет жоқ.
Кіші Шабакты көлі , Ақмола облысы Ақылбай ауылы	2 ЖЛ	03.09.2018	04.09.2018	Сульфаттар	1203,0	12,0	Республикасының Экологиялық Кодексінің 18, 112 баптарына сәйкес табиғатты қорғау мемлекеттік органдарының арасында өзара іс-қимыл шеңберінде барлық ЖЛ жағдайлары бойынша ақпарат «Есіл бассейндік инспекциясы» РММ, арнайы уәкілетті органдарға себепін зерттеу және тиісті шара қабылдау үшін жіберілді. Департамент су объектілерінің жағалаулық аймағын зерттеді, антропогендік әсер анықталмады. Бұл ингредиенттер негізінен табиғи сипатта болады, бұл су қоймаларының белгіленген табиғи байлығына байланысты, аталған аудандарда өндірістік қызмет жоқ.
				Фторидтер	11,5	15,3	
Үлкен Шабакты көлі , Ақмола облысы, Бурабай метеостанциясы, су өлшегіш бекетінің тұстамасында	1 ЖЛ	03.09.2018	04.09.2018	Фторидтер	12,0	16,0	
Жукей көлі , Ақмола облысы, Жукей ауылы	1 ЖЛ	03.09.2018	04.09.2018	Сульфаттар	1609,0	16,1	
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары	1 ЖЛ	03.09.18ж.	05.09.18ж.	Бор	0,297	17,5	Бор – елек өзенінің тарихи ластаушысы, бұл мәселелер біздің тарапымыздан биліктің барлық сатысында үздіксіз көтеріліп жүр, сондай-ақ осы мәселе Ақтөбе облысының экологиялық проблемалары Тізіліміне енгізілген. Сонымен қатар жасаланып жатқан «Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бақдарламасын іске асыру жөніндегі 2014-2020 жылдарға арналған Іс-
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен	1 ЖЛ	03.09.18ж.	05.09.18ж.	Бор	0,859	50,5	
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары,	1 ЖЛ	03.09.18ж.	05.09.18ж.	Бор	0,335	19,7	

Қарғалы өз. құйылысынан 11,2 км жоғары							шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысында қарастырылған, «2020 жылға дейін 20 сукоймалары үшін судың ластану деңгейінің азаюы» 5 нысаналы индикатордың нәтиже көрсеткіштерінің жетістігі үшін Іс-шаралар жобасына Елек өзенін енгізу ұсынылды.
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары.	1 ЖЛ	03.09.18ж.	05.09.18ж.	Бор	0,311	18,3	
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен.	1ЖЛ	03.09.18ж.	05.09.18ж.	Бор	0,213	12,5	
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы.	1ЖЛ	03.09.18ж.	05.09.18ж.	Бор	0,227	13,3	
ШҚО, Брекса өз. (Филипповка), Риддер қ. шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км (09)	1 ЖЛ	03.09.2018 ж.	04.09.2018ж.	Мырыш (2+)	0,175	17,5	«Казцинк» ЖШС Рудный тау-кен байыту кешені Өндіріс орны ластанушы заттар көлемінің шығарылымын төмендету мақсатында келесі іс-шаралар жүргізеді: 1. Су ресурстарының ластануын, тартылуын және бітелуін тоқтатуға бағытталған іс-шаралар кешенін орындау. 2. Тазалаудың физикалық және химиялық тәсілдерімен тазалау имараттары құрылысын салу, қайта жөндеу және жаңарту. 3. Тазалаудың физикалық және химиялық тәсілдерімен тазалау имараттары құрылысын салу, қайта жөндеу және жаңарту. 4. Экологиялық зерттеулер жүргізу, өндіріс әрекетінің мүмкін кері әсерін анықтау және бағдарлама әзірлеу.
ШҚО, Тихая өз. , Риддер қ. шегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары (01)	1 ЖЛ	03.09.2018 ж.	04.09.2018ж.	Мырыш (2+)	0,148	14,8	
ШҚО, Глубочанка өз. , Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен; тікелей автокөлік көпірі маңында (09)	1 ЖЛ	03.09.2018 ж.	04.09.2018ж.	Мырыш (2+)	0,285	28,5	
ШҚО, Үлбі өз. , Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автокөлік көпірі маңында (09)	2 ЖЛ	03.09.2018 ж.	04.09.2018ж.	Мырыш (2+)	0,303	30,3	
				Марганец (2+)	0,147	14,7	
ШҚО, Красноярка өз. , Предгоное а., Березовка ө. құйылысынан 1 км төмен; автокөлік көпірі маңында (01)	1 ЖЛ	03.09.2018 ж.	04.09.2018ж.	Мырыш (2+)	0,357	35,7	

						<p>5. Тасталатын суға автоматты мониторинг жүргізу жүйесін енгізу (п.2.10) Жоспарланған жұмыс көлемі: 1 Тишинск кенішінің №2 тарихи үйінділер астындағы дренажды суды зиянсыз қылу жүйесін эксплуатациялау. Экологиялық эффект: №2 мемлекеттік тау жыныстық үйіндіден шығатын қоршаған ортаны дренажды сулардың ластаушы заттар шығарымын азайту.</p> <p>2. Риддер-Сокольный кенішінің тазалау имараттарына Долинный кенішінің артық қалған шахталық суларын жіберу үшін жобалық шешімдерді іске асыру. Экологиялық эффект: Орнатылған нормативтерге дейін шахталық суларды тазалау.</p> <p>3. Шубинск кеніші компрессорлық ағынды суларын мұнай өнімдерінен тазалау үшін мұнай аулайтын фильтрлі материалдарды ауыстыру. Экологиялық эффект: Шығарым көлемін 0,005 тн дейін азайту.</p> <p>4- Чашинский қалдық орнының дренаж суларын тазалайтын торлы габриондар фильтрлі материалдарын ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау. Экологиялық эффект: Шығарылым көлемін 0,001 тн-ға азайту.</p> <p>5-Долинный кенішінің шахталық суларын бақылау құралдарын орналастыру бойынша басқару пультына деректер сигналын тасымалдаумен бірге жобалық шешімдерді әзірлеу. Экологиялық эффект: Экологиялық бақылауды тиімді ету.</p>
--	--	--	--	--	--	---

							<p>«Қазгидромет» РМК филиалының 02.08.2018 ж № 34-04-08 №887 хаты негізінде 08.08.2018ж. ластану көзін анықтау үшін сынама алуға шықты. Нәтижелері кейін ұсынылатын болады.</p> <p>"Шығыстүстімет" ЖШС Кәсіпорының келесі табиғат қорғау іс-шаралары 5 дана-БОФ мониторинг жүйесіндегі бақылау Ұңғымаларынан суды тартып алу. 178 дана - БОФ қоршаған ортаның фондық жағдайына анықтау үшін өндірістік экологиялық мониторинг жүргізу .</p> <p>1 нысан - «Ертіс шахтаның аумағындағы өнеркәсіптік құрылыс қалдықтарды уақытша сақтау аланын» жұмыс жобасын іске асыру.</p> <p>СЗЗ ОПК шекарасындағы бақылау өткізу бұрғылау (оның ішінде айдау).</p> <p>НОФ қалдық қоймасының сорғытқы жүйесінің құрылысы</p> <p>«ОФ Николаевский пирит сақтау орнының қалдық қоймасының бөгетін ұзарту» жұмыс жобасын іске асыру</p> <p>1 дана - «Николаев карьерын жою және қалпына келтіру» жұмыс жобасын іске асыру</p>
<p>Қара Кеңгір өз., Жезқазған қ., Жезқазған қ. шегінде, Кеңгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ кәсіпорнының ағынды суларының арнасынан 0,5 км төмен</p>	2 ЖЛ	06.09.18ж	06.09.18ж	Тұзды аммоний	21,4	42,8	<p>Қара Кеңгір өзенінің жоғары ластануына қатысты «ЖСЖК» АҚ-на жоспардан тыс тексеру ашылғаны туралы хабарлама жолданды.</p> <p>Тексеру қорытындылары туралы қосымша хабарланатын болады</p>
				Еріген оттегі	2,03		
<p>Қара Кеңгір өз., Жезқазған қ., Жезқазған қ. 3,0 км төмен, ағынды суларының арнасынан 5,5 км төмен</p>	1 ЖЛ	06.09.18ж	06.09.18ж	Нитритті азот	0,520	26,0	

Соқыр өз., Қарағанды облысы, Қаражар а. маңындағы автожол көпірі сағасында	1 ЖЛ	06.09.18ж	07.09.18ж	Нитритті азот	0,618	30,9	Шахтинск су каналы» ЖШС қатысты тексеру экологиялық заңнамалық нормаларын бұзушылықтарсыз жабылды. Биологиялық тоғандардан шерубай Нұра өзеніне нормативті тазаланған ағынды сулар келіп түспейді, өйткені тоғыз биотоғанның сегізі ғана сумен толтырылған. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Саранская» шахтасына қатысты тексерулер нәтижесінде шахтаның ағынды суларында нитриттар бойынша ШРТ 1,9 есеге асырулар анықталды. ҚР ӘҚБтК 328-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды. ШРТ нормативтерін асырулар үшін әкімшілік өндіріп алу шаралары қабылданды. «Капиталстрой» ЖШС, «Қарағанды су» ЖШС қатысты жоспардан тыс тексерулер ашылды. 07.09.2018ж. шығыс №27-01-05/949 телефонхатының негізінде «Шахтинск су каналы» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Саранская» шахтасына, «Капиталстрой» ЖШС, «Қарағанды су» ЖШС қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізілетін болады.
Шерубайнұра өз., Қарағанды облысы өзен сағасы, Асыл а. 2,0 км төмен	2 ЖЛ	06.09.18ж	07.09.18ж	Нитритті азот	0,490	24,5	
				Марганец	0,120	12,0	
Сарысу өз., Қарағанды облысы Сарысу с/о-нен 0,5 км	1 ЖЛ	12.09.18 ж.	13.09.18 ж.	Сульфаттар	1210	12,1	Сарысу өзенінің сульфаттармен ластануына қатысты хабарлайды, Сарысу өзеніне ағын суларды төгуді жүзеге асыратын кәсіпорындар жоқ, өзеннің жоғары минералдануы табиғи құбылыс болып табылады, бұл туралы «Қазақ балық
Сарысу өз., Қарағанды облысы дюкерден 0,5 км. жоғары	1 ЖЛ	12.09.18 ж.	13.09.18 ж.	Сульфаттар	1186	11,9	
Сарысу өз., Қарағанды облысы дюкерден 4,0 км. төмен	1 ЖЛ	12.09.18 ж.	13.09.18 ж.	Сульфаттар	1210	12,1	

							шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Балқаш филиалының хаты растайды.
--	--	--	--	--	--	--	---

Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатындағы радиациялық жағдайы


Қазақстан Республикасы аумағында гамма-фон (экспозициялық мөлшердің қуаттылығы) күнсайын 89 метеорологиялық станцияларында (14 облыстармен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында), сондай-ақ атмосфералық ауаның ластану мониторингіне экспозициялық мөлшердің қуаттылығына өлшеу автоматты режимде 23 автоматты бекетте жүргізілді: Ақтөбе (2), Талдықорған (1), Құлсары (1), Орал (2), Ақсай (1), Қарағанды (1), Теміртау (1), Қостанай (2), Рудный (2), Қызылорда (1), Ақай кенті (1), Төретау кенті (1), Жанаөзен (2), Павлодар (2), Ақсу (1), Екібастұз (1), Түркістан (1) (6-сур.).

Қазақстан Республикасының елді-мекендердегі атмосфераның жерге жақын қабатындағы гамма-фонның орташа мәні 0,05-0,32 мкЗв/сағ. аралығында болды. Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол беретін шамаға сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қазақстанның 43 метеорологиялық станцияларда (14 облыстары пен Астана, Алматы мен Шымкент ққ.) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6-сур.). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,06-0,21 Бк/м² аралығында болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 0,11 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6-сурет. Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулерге бақылау метеостанцияларының орналасу сызбасы

1. Ақмола облысының қоршаған орта жай-күйі

1.1 Астана қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 10стационарлық бекетте жүргізілді (1.1-сур., 1.1-кесте).

1.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Жамбыл к-сі, 11	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, азот диоксиді, фторлы сутек
2			Республика даңғылы, 35, №3 мектеп-гимназиясы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фторлы сутек
3			Тельжан Шонаұлы к-сі, 47, орман зауыты ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, көміртегі оксиді
4			Бөгенбай батыр даңғылы, 69, «Шапағат»коммуналдық базары	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, көміртегі оксиді
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тұран даңғылы, 2/1, орталық құтқару станциясы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Ақжол көшесі, «Астана тазалық» ағынды сулар тұндырғышы ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
7			Түркістан к-сі, 2/1, «НЗМ» ауданы	
8			24 үй, Бабатайұлы көшесі, Көктал-1, Сарыарқа ауданы, А.Марғұлан атындағы №40 орта мектеп	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
9			А.Байтұрсынов к-сі, 25, Алматы қ., Сұлтан мешіті, 25	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
10			Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі

		Алматы облысы, К.Мұнайтпасов к-сі, 13	оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
--	--	--	----------------------------------



1.1-сурет. Астана қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфера ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 1.1), атмосфералық ауаның ластану деңгейі **өте жоғары** деп бағаланды, ол СИ 4 (көтеріңкі деңгей) тең мәнді – азот диоксиді бойынша № 4 бекетте (Бөгенбай батыр даңғылы, 69, «Шапағат» коммуналдық базары) және ЕЖҚ=68% (өте жоғарғы деңгей) азот диоксиді бойынша № 4 бекетте («Шапағат» базары, Уәлиханов к-сі, Бөгенбай батыр 69 даңғылының бұрышы).

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғары мәнімен бағаланады.*

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа тәуліктік шоғыры 1,8 ШЖШ_{0,Т}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{0,Т} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады.

Азот диоксидінің максималды-бір реттік шоғыры 4,35 ШЖШ_{м.б} құрады, қалқыма бөлшектері (шаң) – 3,6 ШЖШ_{м.б}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 3,0 ШЖШ_{м.б}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,73 ШЖШ_{м.б}, фторлы сутегі – 2,5 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді – 1,65 ШЖШ_{м.б}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1 кесте).

Атмосфералық ауаның жоғарғы ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғарғы ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

1.2 Астана қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Астана қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№7 нүкте – «Алау» СК; №8 нүкте – №24 Орта мектеп (ЭКСПО ауданы, әуежай жағына қарай) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фторлы сутегінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.2-кесте).

1.2 -кесте

Астана қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Іріктеу нүктелері			
	№ 7 нүкте		№ 8 нүкте	
	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	Q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,04	0,09	0,04	0,08
Күкірт диоксиді	0,009	0,018	0,009	0,018
Көміртегі оксиді	2,8	0,6	2,7	0,5
Азот диоксиді	0,16	0,79	0,09	0,47
Фторлы сутегі	0,000	0,00	0,000	0,00

1.3 Көкшетау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Көкшетау қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 2 стационарлық бекет жұмыс істейді (1.2-сурет, 1.3-кесте).

1.3-кесте

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	Тәулігіне 3 рет	Қолмен іріктеу (дискретті әдістер)	Ескіәуежай, метеостанция аймағы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді
2	Әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	Вернадский көш., 46Б	қалқыма бөлшектер PM _{2,5} , қалқыма бөлшектер PM ₁₀ , күкіртдиоксиді, көміртегіоксиді, азотоксиді және диоксиді



1.2-сурет. Көкшетау қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

Ауа ластануын жалпы бағалау. Тұрақты бақылау желісіне сәйкес (1.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластанудың **көтеріңкі** деңгейімен сипатталады, ол СИ мәні 1 (**көтеріңкі** деңгей) және ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей) (сурет 1.2).

* 52.04.667-2005 БҚ сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әр түрлі градацияға тисе, онда атмосфераның ластануы дәрежесін көп мәнмен бағаланады.

Азот оксиді орташа айлық шоғыры 1,96 ШЖШ_{от.} құрады, қалған ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


1.4 Степногорск қаласының атмосфералық ауаның ластану жағдайы

Степногорск қаласында атмосфералық ауа жай-күйіне мониторинг жүргізу үшін 1 стационарлық станция бар (1.3-сур., 1.4-кесте).

1.4-кесте

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үздіксіз режимде	№1 шағын ауданы	қалқыма бөлшектер РМ 2,5, қалқыма бөлшектер РМ10, көміртек оксиді, азот оксиді және диоксиді, аммиак



1.3-сурет. Степногорск қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

Ауа ластануын жалпы бағалау. Тұрақты бақылау желісіне сәйкес (1.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластанудың *төменгі* деңгейімен сипатталады, ол СИ мәні 1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей) анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

1.5 Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы (ЩБКА) атмосфералық ауаның ластану жағдайы


ЩБКА аймағында атмосфералық ауа жай-күйін бақылау 8 стационарлық бекетте өткізілді (1.4-сур., 1.5-кесте).

1.5-кесте

Анықталатын қоспалар және бақылау бекетінің орналасуы

Бекет нөмері	Іріктеу уақыты	Бақылау жүргізу	Бекеттердің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Автоматты түрде	Кешенді фондық мониторинг станциясы (КФМС) «Боровое»	Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкіртдиоксиді, көміртекоксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көміртегідиоксиді
2			Бурабай ауылы, Кенесары, 25 көшесі, (С. Сейфуллин мектебі аумағы)	
3			Щучинский санаторий кенті,	

			санаторий «Щучинск» ЖШС аумағында	
4			«Щучинск» МС, Минская 22 көшесі	
5			Шоссейная көшесі, №171	Қалқыма бөлшектер РМ 2,5, Қалқыма бөлшектер РМ 10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксиді және азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



1.4-сурет. ЩБКА аумағындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізетін стационарлық желісінің орналасу схемасы

АМКС Бурабай ауа ластануын жалпы бағалау.

Тұрақты байқау желісіне сәйкес (1,4 сурет), атмосфералық ауасы ластанудың **төменгі** деңгейімен сипатталды, ол СИ мәні 1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей) анықталды (1,4-сурет).

РМ-2,5 қалқыма бөлшектер орташа айлық шоғыры 1,1 ШЖШ_{0.т.} құрады, қалған ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік ластанушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

1.5 Щучинск-Бурабай курортты аймағының (ЩБКА) ауа ластануын жалпы бағалау

Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша (1.4 сур.) атмосфералық ауасы ластанудың **төменгі** деңгейімен сипатталды, ол СИ мәні 1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей) анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,4 ШЖШ_{о.т.} азот диоксиді 1,03 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

1.6 Ақмола облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Ақмола облысында атмосфералық ауаның ластануына бақылау Атбасар қаласында 2 нүктеде жүргізілді (1 нүкте – Атбасар МС, 2 нүкте – Атбасар қонақ үй аумағы).

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиак, формальдегид, көмірсутектері өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (1.6кесте)

1.6 кесте

Ақмола облысы Атбасар қаласының эпизодтық бақылау мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Өлшенген заттар	1 нүкте		2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Аммиак	0,04175	0,20873	0,00762	0,03809
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,07624	0,15248	0,06457	0,12914
Азотдиоксиді	0,01999	0,09995	0,04811	0,24055
Күкірт диоксиді	0,00751	0,01502	0,00884	0,01768
Азот оксиді	0,02323	0,05808	0,02204	0,05509
Көміртекоксиді	1,90880	0,38176	1,14130	0,22826
Көмірсутектер	18,0140		20,7153	
Формальдегид	0,00	0,00	0,00	0,00

1.7 Ақмола облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Ақмола облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 18 су нысанында (Есіл, Нұра, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Қылшықты, Шағалалы, Беттібұлақ, өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславское суқоймасы, Қопа, Зеренді, Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл, Жүкей көлдері) жүргізілді.

Есіл өзені Қарағанды облысындағы Нияз тауларынан бастау алады. Сарыбұлақ, Ақбұлақ өзендері – Есіл өзенінің оң жақ салалары. Есіл өзенінде Вячеславское суқоймасы орналасқан. Сұлтанкелді көлі Қорғалжын қорығының біркөлі болып саналады. Қопа және Зеренді көлдері Есіл өзені бассейніне кіреді. Бурабай, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Щучье, Карасье, Сұлукөл көлдері Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (ЩБКА) аумағында орналасқан.

Есіл өзені суының температурасы 11,4-18,4 °С аралығында болды, сутегі көрсеткіші – 8,12, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,94 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,57 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 4,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақбұлақ өзенінде су температурасы 15,7-17 °С болды, сутегі көрсеткіші – 8,1, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,11 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,35 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,6 ШЖШ, хлоридтер – 1,5 ШЖШ, магний – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,6 ШЖШ, фторидтер – 3,9 ШЖШ, нитритті азот – 6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сарыбұлақ өзенінде су температурасы 11,8-13,4 °С болды, сутегі көрсеткіші – 7,76, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,19 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,08 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 7,6 ШЖШ, хлоридтер – 1,7 ШЖШ, магний – 2,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,3 ШЖШ, нитритті азот – 3,0 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Нұра өзенінде су температурасы 14,9-18 °С болды, сутегі көрсеткіші – 8,45, судағы еріген оттегі шамасы – 9,94 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,05 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс – 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Нұра-Есіл арнасы суының температурасы 13,5-14 °С болды, сутегі көрсеткіші – 8,45, судағы еріген оттегі шамасы – 8,8 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,42 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,1 ШЖШ, магний – 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Вячеславское су қоймасында су температурасы 18 °С болды, сутегі көрсеткіші – 8,05, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,63 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,01 мг/дм³. Ауыр металдар биогенді заттар (фторидтер – 1,6 ШЖШ), (мыс (2+) – 3,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шамадан асқандығы тіркелді.

Қылшықты өзені суының температурасы 2,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,94, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,00 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,73 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,2 ШЖШ, фторидтер – 1,6 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 32,6 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Шағалалы өзені суының температурасы 3,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,30, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,14 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,06 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,3 ШЖШ, жалпы темір – 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 15,0 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Қопа көлінде суының температурасы 19,6 °С, сутегі көрсеткіші – 8,74, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,14 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,31 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,7 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Зеренді көлі суының температурасы 17,6 °С, сутегі көрсеткіші 8,99, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,80 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,78 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ, магний – 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 3,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,8 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Беттібұлақ өзені- су температурасы 8,8°C, сутегі көрсеткіші 7,44, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,81 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,57 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,0 ШЖШ, жалпы темір - 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Бурабай көлі – су температурасы 13,2°C, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,30 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,57 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 3,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асуы байқалды.

Үлкен Шабакты көлінде су температурасы 15,2°C, сутегі көрсеткіші 8,82, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,00 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,7 ШЖШ, магний – 2,2 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 16,0 ШЖШ) ауыр металдар (марганец (2+) – 5,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Щучье көлінде су температурасы 13,6 °C, сутегі көрсеткіші 8,33, судағы еріген оттегінің шоғыры – 8,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,48 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер – 7,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Кіші Шабакты көлі суының температурасы 15,6 °C, сутегі көрсеткіші – 8,86, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,98 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,81 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 6,0 ШЖШ, сульфаттар – 12,0 ШЖШ, магний – 9,3 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 15,3 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ, ауыр металдар (марганец(2+)– 6,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Карасье көліндегі су температурасы 14,0°C, сутегі көрсеткіші 7,63, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,98 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,58 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір- 1,8 ШЖШ, фторидтер – 2,5 ШЖШ, тұзды аммоний – 5,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалған.

Сұлукөл көлінде су температурасы 13,0°C, сутегі көрсеткіші 6,95, судағы еріген оттегінің шоғыры – 6,68 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,02 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,0 ШЖШ, жалпы темір – 2,5 ШЖШ, фторидтер – 3,4 ШЖШ) бойынша нормадан асқан.

Жүкей көлінде - көлі суының температурасы 14,2 °C, сутегі көрсеткіші – 9,11, судағы еріген оттегінің шоғыры – 7,82 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,50 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер – 5,3 ШЖШ, сульфаттар – 16,1 ШЖШ, магний – 9,2 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 3,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+)– 5,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақмола облысы су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су – Ақбұлақ, Нұра өзендері, Нұра-Есіл арнасы, Вячеславское су қоймасы, Беттібұлақ өзені, Қопа, Зеренді, Бурабай, Сұлукөл көлдері.

«ластанудың жоғары деңгейіндегі» су – Есіл, Сарыбұлақ, Шағалалы өзендері, Үлкен Шабакты, Щучье, Кіші Шабакты, Карасье, Жүкей көлдері; *«ластанудың өте жоғары деңгейі»* - Қылшықты өзені.

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда су сапасы Шағалалы өзендерінде - жақсарған; Сарыбұлақ өзені-нашарлаған, Қылшықты, Бетгібұлақ өзендерінде, Зеренді, Қопа, Бурабай, Үлкен Шабақты, Щучье, Кіші Шабақты, Сұлукөл, Карасье көлдерінде, Вячеславское су қоймасы, Нұра-Есіл каналы - айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегіні 5 тәулікте биохимиялық тұтыну шамасы бойынша Нұра-Есіл су каналында, Ақбұлақ және Нұра өзендерінде *«ластанудың орташа деңгейі»* деп бағаланады, ал қалған су нысандарында *«нормативті-таза»* деп бағаланады.

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда ОБТ₅ шамасы Қопа, Сұлукөл көлдерінде жақсарған, Ақбұлақ өзені – нашарлаған, қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегі режимі су нысандарында бір қалыпты болды.

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда оттегі режимі барлық су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Ақмола облысы аумағында келесі жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелді: Үлкен Шабақты көлі – 1 ЖЛ жағдайы, Кіші Шабақты көлі -2 ЖЛ жағдайы, Жүкей көлі 1 ЖЛ жағдайы, Қылшақты өзені – 2 ЖЛ жағдайы, Шағалалы өзені – 1 ЖЛ жағдайы (5-кесте).

1.8 Ақмола облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 15 метеорологиялық станцияларда (Астана, Аршалы, Ақкөл, Атбасар, Балкашино, «Бурабай» КФМС, Егіндікөл, Ерейментау, Көкшетау, Қорғалжын, Степногорск, Жалтыр, Бурабай, Щучье, Шортанды) бақылау жүргізілді (1.5-сур.).

Облыстағы елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,06-0,22 мкЗв/сағ. облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

1.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақмола облысында 5 метеорологиялық станцияда (Атбасар, Көкшетау, Степногор, Астана, «Боровое» КФМС) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (1.5-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7-1,7 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1.5-сурет. Ақмола облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

2 Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі

2.1 Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізіледі (2.1-сурет, 2.1-кесте).

2.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспаның аталуы

Бекет номері	Алу мерзімдері	Бақылау жүргізу	Бекеттер мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қолмен сынама лау (дискреттік әдіс)	Авиақалашық, 14	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді,
4	тәулігіне 3 рет	қолмен сынама лау (дискреттік әдіс)	Белинский көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, күкіртсутек, формальдегид, хром

5			Ломоносов көшесі, 7	Қалқыма бөлшектер (шаң), көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, сульфаттар, формальдегид, хром
2	әрбір 20 минут сайын	үздіксіз режимде	Рысқұлов көшесі, 4 Г	Қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутек
3			Есет-батыр көшесі, 109А	Қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутек
6			ул. Жанкожа-батыра, 89	Қалқыма бөлшектер РМ-2,5, Қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутек, аммиак



2.1-сурет. Ақтөбе қаласындағы атмосфералық ауаның ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу схемасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша, (сурет 2.1) қаладағы атмосфералық ауаның ластану жоғары деңгейде сипатталды, СИ мәні 10 тең (жоғары деңгей), №3 бекет аумағында (Есет батыр көшесі, 109А) күкірт диоксиді шоғыры бойынша, ЕЖҚ=28% (жоғары деңгей) мәнімен №4 бекет аумағында (Белинский көшесі, 1) көміртегі оксиді шоғырымен анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,05 ШЖШ_{о.т} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғыры –9,8 ШЖШ_{м.б}, азот диоксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б}, көміртек оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б}, күкіртсутегі – 3,2 ШЖШ_{м.б}, РМ -2,5 қалқыма бөлшектер – 1,4 ШЖШ_{м.б}, РМ -10 қалқыма бөлшектер – 2,0 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (кесте-1).

2.2 Кенқияқ ауылының эпизодтық бақылау мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Кенқияқ ауылындағы атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде жүргізілді (Нүкте №1 – Западная көшесі, нүкте №2 – Сейфуллина көшесі -Жеңіс даңғылы).

Қалқыма бөлшектер РМ 10, азот тотығы, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртсутек, аммиак және формальдегид шоғырлары анықталды.

Бақылау мәліметтері бойынша барлық анықталған заттардың шоғыры шектен аспады (кесте 2.2).

Кесте 2.3

Кенқияқ ауылындағы зерттеулер бақылау мәліметтері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталушы қоспалар	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ПДК	q _m мг/м ³	q _m /ПДК
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,0400	0,13	0,1300	0,43
Күкірт диоксиді	0,0000	0,0	0,0000	0,0
Көміртек оксиді	0,0040	0,0008	0,0040	0,0010
Азот диоксиді	0,0036	0,018	0,0037	0,019
Азот оксиді	0,0022	0,0054	0,0019	0,005
Күкіртсутек	0,0000	0,0	0,0010	0,126
Аммиак	0,0027	0,0135	0,0036	0,018
Формальдегид	0,0000	0,0	0,0000	0,0

2.3 Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Ақтөбе облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 1 су нысанында: Елек өзенінде жүргізілді.

Елек өзені – Жайық өзенінің көпсулы сол жақ саласы. Өзен суының су температурасы 14-17°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,49 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,15 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,1 ШЖШ, бор(3+) – 12,9 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,8 ШЖШ), ауыр металдар (хром(6+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Елек өзенінің су сапасы *«ластанудың жоғарғы деңгейінде»* деп бағаланады. 2017 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда Елек өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Ақтөбе облысы аумағындағы Елек өзенінде 6 ЖЛ жағдайы тіркелді (5-кесте).

2.4 Ақтөбе облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Новоалексеевка, Родниковка, Уіл, Шалқар, Жағабұлақ) және Ақтөбе қаласының (№2 ЛББ, №3 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (2.2-сур.).

Елді-мекендер бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,27 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

2.5 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Ақтөбе облысында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтөбе, Қарауылгелді, Шалқар) ауа сыналасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (2.2-сур.). Барлық станцияларда бес тәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-2,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



2.2-сурет. Ақтөбе облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

3 Алматы облысының қоршаған орта жай-күйі

3.1 Алматы қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 16 стационарлық бекетте жүргізілді (3.1-сур., 3.1-кесте).

3.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Амангелді к-сі, Сәтбаев к-сі бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдар, формальдегид
12	тәулігіне 3 рет		Райымбек даңғылы, Наурызбай батыр к-сі бұрышы	
16			Айнабұлақ-3 ш-а	
25			Ақсай-3 ш-а, Маречка к-сі, Б.Момышұлы к-сі бұрышы	
26			Тастақ-1 ш-а, Төле би к-сі, 249, ММ «№8 қалалық балалар емханасы»	
27	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Медеу метеостансасы, Горная к-сі, 548	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері,

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
28			аэрологиялық станса (Әуежай ауданы) Ахметов к-сі, 50	күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
29			Түркісіб ауданының ІДАБ Р. Зорге к-сі,14	
30			«Шаңырақ» ш-а,№26 мектеп, Жанқожа батыр к-сі., 202	
31			Аль-Фараби даңғылы, Науаи к-сі бұрышы, Орбита ш-а («Зеленстрой» АҚ Дендропарк аймағы)	
1			Аль-Фараби атындағы ұлттық университеті аумағы, Бостандық ауданы	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді
2			Бұрындай автошаруашылық, Аэродромная к-сі, Түркісіб ауданы	
3			Момышұлы көшесіндегі «Алматы арена» мұз аренасы, Алатау ауданы	
4			№32 жалпы білім беру мектебі, 70 разъезд ауданы, Түркісіб ауданы	
5			«Халық арена»мұз аренасы, Медеу ауданы, Думан мөлтекауданы	
6			Жетісу әкімшілігі аумағы, «Құлагер» мөлтекауданы, Жетісу ауданы	



3.1-сурет. Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Қалада жалпы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды. ЕЖҚ=20%(жоғары деңгей) **азот диоксидімен** (№ 26-бекет, Тастақ ықшам ауданында) анықталды және СИ=5 (жоғары деңгей) **PM-2,5қалқыма бөлшектері** (№ 30-бекет, Алатау ауданында) басым ластанған.

Азот диоксидінің орташа ластаушы заттардың шоғырлары -1,3 ШЖШ_{о.т.}, формальдегиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектері (шаң) 1,2 ШЖШ_{о.т.}, ауыр металдардың шамасы және басқа ластаушы заттар – ШЖШ дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектердің максималды-бір реттік ластаушы заттардың шоғырлары - 5,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді -4,0 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектер-2,9 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді– 2,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 2,1ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.} , қалқыма бөлшектері (шаң) 1,2 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.2 «Common Sense» Қоғамдық қорының шаң анализаторының деректері бойынша Алматы қаласының атмосфералық ауаның жай-күйі

Алматы қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау С.Д.Асфендиоров атындағы Медициналық университеттің аумағында *Төле би мен Амангелді көшелерінің қиылысында*) жүргізілді.

PM-2.5қалқыма бөлшектершоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша PM-2.5қалқыма бөлшектерконцентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (3.2-кесте).

3.2-кесте

Алматы қаласының атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

«ВАМ-1020» өлшеу құралының Алматы қ. бойынша PM 2.5 қалқыма бөлшектерінің концентрациясы туралы ақпарат										
Қала	ШЖШ _{о.т.} мг/м3	ШЖШ _{м.б.} мг/м3	Макс. Концентрация мг/м3	Орташа концентрация мг/м3	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	Стандартты индекс (СИ)	Қайталану> ШЖШ, %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
								>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Алматы қ.	0,03	0,16	0,066	0,015	0,43	0,41	0	0	0	0

Ескертпе:

«ВАМ-1020» «COMMONSENSE» Қоғамдық қорының меншігіндегі өлшеу құралы, ақпарат ҚР Энергетика Министрлігінің келісімімен баспаға шығарылып жатыр.

Ақпараттың сенімділігі «COMMON SENSE» Қоғамдық қорының жауапкершілігі болып табылады.


3.3 Талдықорған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (3.2-сур., 3.2-кесте).

3.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Гагарин көш., 216 және Жабаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкірттісутек,аммиак,
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қонаев көш., 32	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азотоксиді,күкірттісутегі,аммиак



3.2-сурет. Талдықорған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (3.2-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану

деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ = 2 азот диоксиді бойынша және ЕЖҚ=1 % бойынша № 2 бекет аумағында (Қонаев к., 32) анықталды.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар ШЖШ_{о.т.} аспады. (1-кесте).

Көміртегі оксиді максималды-бірлік шоғырлары – 1,39 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді бойынша-1,95 ШЖШ_{о.т.}, және күкіртті сутек бойынша – 1,94 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

3.4 Алматы облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Алматы облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 24 су нысанында (Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Баянкөл, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсіөзендері, Құрты, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары, Үлкен Алматы, Балқаш, Алакөл көлдері) жүргізілді.

Іле өзенінің басы Қытай территориясы Тянь-Шань тау етегінен бастау алады және Қазақстанның ең ірі трансшекаралық өзендерінің бірі боп саналады. Алматы облысы аумағынан Балқаш өзенінің батыс бөлігіне құйылады. Текес, Шарын, Шілік, Түрген, Есік, Баянкөл, Қаскелен, Үлкен Алматы, Кіші Алматы өзендері Іле өзенінің сол жақ жағалаудағы саласы болып табылады. Есентай өзені Кіші Алматы өзенінің тармағы. Қарқара және Темірлік өзендері Шарын өзенінің саласы. Қорғас өзені Іле өзенінің оң жақ жағалаудағы саласы болып саналады. Талғар өзені Қапшағай су қоймасына құяды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Балқаш көліне, Тентек, Жаманты, Ырғайты, Еміл, Қатынсу, Ұржар, Егінсу өзендері, Алакөл көліне құйылады.

Іле өзенінде судың температурасы 14,9-19,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,83, судағы еріген оттектің концетрациясы -9,08 мг/дм³, ОБТ5 – 1,04 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)–1,1 ШЖШ) биогенді заттар (жалпы темір– 2,1 ШЖШ, нитритті азот-1,9 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Текес өзенінде судың температурасы 9,4-10,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегінің шоғыры -10,8 мг/дм³, ОБТ5 -0,87 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 2,2 ШЖШ, марганец (2+)– 2,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,3 ШЖШ, нитритті азот-4,2 ШЖШ, фторидтер – 2,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қорғас өзенінде судың температурасы 10,0-16,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,80, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,26 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+)– 1,9 ШЖШ, мыс (2+) –1,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,2 ШЖШ, фторидтер – 1,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қапшағай су қоймасында судың температурасы 18,6-19,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,75 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір– 1,9 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шарын өзенінде судың температурасы 16,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,16, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,8 мг/дм³, ОБТ5 0,8 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Шілік өзенінде судың температурасы 15,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,08, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,75 мг/дм³, ОБТ5 – 1,4 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –2,3 ШЖШ, нитритті азот-2,0 ШЖШ, фторидтер – 3,0 ШЖШ) және ауыр металдар (мыс (2+)– 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Баянкол өзенінде судың температурасы 13,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,97, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,3 мг/дм³, ОБТ5 1,5 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір– 3,9 ШЖШ, фторидтер – 2,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Күрті су қоймасында судың температурасы 17,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,22, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,5 мг/дм³, ОБТ5 – 1,9 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,9 ШЖШ, марганец (2+) – 3,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –1,5 ШЖШ, нитритті азот – 3,4 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ, магний- 1,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Бартоғай су қоймасында судың температурасы 16,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,99, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,4 мг/дм³, ОБТ5 – 0,9 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –3,0 ШЖШ, нитритті азот-2,4 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,9 ШЖШ, фторидтер – 1,4 ШЖШ) және ауыр металдар (мыс (2+)–1,7 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есік өзенінде судың температурасы 8,7 °С, сутегі көрсеткіші 7,87, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,0 мг/дм³, ОБТ5 – 1,0 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –2,6 ШЖШ, нитритті азот – 2,2 ШЖШ, фторидтер – 4,2 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаскелен өзенінде судың температурасы 15,6-17,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,81, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,9 мг/дм³, ОБТ5 – 1,95 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+) – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –2,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қарқара өзенінде судың температурасы 15,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,2 мг/дм³, ОБТ5 – 0,9 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,9 ШЖШ, нитритті азот-1,4 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Түрген өзенінде судың температурасы 9,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,94, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,3 мг/дм³, ОБТ5 – 1,4 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –2,6 ШЖШ, нитритті азот-2,9 ШЖШ, фторидтер – 4,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Талғар өзенінде судың температурасы 10,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,81 судағы еріген оттегінің шоғыры -11,2 мг/дм³, ОБТ5- 1,30 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір –1,5 ШЖШ, нитритті азот-2,2 ШЖШ, фторидтер – 1,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Темірлік өзенінде судың температурасы 12,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,1, еріген оттегінің шоғыры -10,0 мг/дм³, ОБТ5 -0,9 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы

темір –2,2 ШЖШ, нитритті азот-1,9 ШЖШ, фторидтер – 1,5 ШЖШ, тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Ақсу өзенінде судың температурасы 17,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,17, судағы еріген оттегінің шоғыры -9,2 мг/дм³, ОБТ5 – 1,5 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+)– 1,8 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Лепсі өзенінде судың температурасы 16,1-16,9 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,06, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,4 мг/дм³, ОБТ5 – 1,05 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Қаратал өзенінде судың температурасы 15,0-16,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,86, судағы еріген оттектің концентрациясы 10,3 мг/дм³, ОБТ5 1,5 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Балқаш көлінде судың температурасы 16,5-17,7 °С, сутегі көрсеткіші 8,74, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,4 мг/дм³, ОБТ5 – 1,03 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 10,1 ШЖШ, марганец (2+) – 1,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір –1,3 ШЖШ, тұзды аммоний – 2,4 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 14,8 ШЖШ, натрий – 8,8 ШЖШ, магний- 6,0 ШЖШ, хлоридтер – 3,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Алакөл көлінде судың температурасы 17,1-18,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,75, судағы еріген оттегінің шоғыры – 10,9 мг/дм³, ОБТ5 – 1,7 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) – 13,0 ШЖШ, марганец (2+) – 1,4 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,8 ШЖШ) және негізгі иондар (сульфаттар – 14,1 ШЖШ, натрий – 6,2 ШЖШ, магний- 5,2 ШЖШ, хлоридтер – 2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы көлінде судың температурасы 8,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,83, еріген оттегінің шоғыры – 10,1 мг/дм³, ОБТ5 – 1,30 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір 1,1 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Кіші Алматы өзенінде судың температурасы 7,1-12,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,91, еріген оттегінің шоғыры – 10,4 мг/дм³, ОБТ5 – 1,23 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот- 2,3 ШЖШ, фторидтер- 1,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Үлкен Алматы өзенінде судың температурасы 11,0-11,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,78, еріген оттегінің шоғыры –10,1 мг/дм³, ОБТ5- 1,17 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,4 ШЖШ, фторидтер- 1,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Есентай өзенінде судың температурасы 9,7-15,1 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,76, еріген оттегінің шоғыры – 9,9 мг/дм³, ОБТ5 – 1,25 мг/дм³. Биогенді заттар (фторидтер- 1,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары байқалған.

Су нысандарының су сапасы келесі түрде бағаланады: «*ластанудың орташа деңгейі*»- Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Талғар, Темірлік, Қаратал, Ақсу, Лепсіөзендері, Құрты,

Бартоғай, Қапшағай су қоймалары, Үлкен Алматы көлдері; «ластанудың жоғары деңгейі»- Түрген, Баянкөл өзендері, Балқаш, Алакөл көлдері.

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда су сапасы Іле, Текес, Қорғас, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Шілік, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Талғар, Темірлікөзендері, Құрты, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары, Балқаш, Алакөл көліне- айтарлықтай өзгермеген; Түрген, Баянкөл өзендері, Үлкен Алматы көлдері - нашарлаған.

3.5 Алматы облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 8 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Бақанас, Қапшағай, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған, Сарыөзек) бақылау жүргізілді (3.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13-0,25 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

3.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Алматы облысында 5 метеорологиялық станцияларда (Алматы, Нарынқол, Жаркент, Лепсі, Талдықорған) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (3.3-сур.).

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,4 Бк/м². аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



3.3-сурет. Алматы облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

4 Атырау облысының қоршаған ортаның ластану жай-күйі

4.1 Атырау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (4.1-сур., 4.1-кесте).

4.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенолдар, аммиак, формальдегид
5			Сәтбаев даңғ., мен Владимирская көш., бұрышы	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Атырау филиалының жанында, ескі әуежай	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді

8		Әуезов даңғылының ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак
9		Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



4.1-сурет. Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (4.1-сур.) деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, №1 бекет аумағында (Азаттық даңғ., Әуезов даңғ. бұрышы) СИ=3 (көтеріңкі деңгей), НП = 25% (жоғары деңгей) сәйкес күкіртті сутегі бойынша анықталды.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғырлары 2,0 ШЖШ_{о.т.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің - 1,0 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксидінің - 1,0 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектерінің – 2,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегінің – 2,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


4.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (4.2-сур., 4.2-кесте).

4.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Құлсары метеостансасының маңында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



4.2-сурет. Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды (4.2-сур.), СИ мәні бойынша 2, ЕЖҚ=1% қалқыма бөлшектерімен (шаң) анықталды.

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғырлары 2,39 ШЖШ_{0.т} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды-бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

4.3 Атырау облысының кен орындарындағы атмосфералық ауа жай - күйі

Ластануды бақылау үш бақылау нүктелерінде, 5 кен бақылау орындарында: Жанбай, Забурын, Доссор, Мақат, Қосшағыл жүргізілді.

Өлшенген заттардың, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт сутегі, аммиак концентрацияларын өлшеу жүргізілді.

Жанбай, Забурын, Доссор, Мақат, Қосшағыл кен бақылау орындарының бақылаулары деректері бойынша, өлшенген бөлшектердің (шаң) концентрациясы 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкірт сутегі бойынша - 1,0 ШЖШ_{м.б.} шегінде.

Ластаушы заттардың концентрациясы, бақылаулардың деректері бойынша, рұқсат етілген нормаларда.

4. .Атырау облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Атырау облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 3 су нысанында, Жайық, Шаронова және Қиғаш өзендерінде жүргізілді.

Жайық өзені Ресей Федерациясы аумағынан ағып шығып, БҚО және Атырау облысы аумақтарынан ағып өтіп, Каспий теңізіне Атырау облысы аумағына құяды.

Шаронова және Қиғаш өзендері Волга өзенінің төменгі ағысындағы, Қазақстан аумағы арқылы өтетін, тармақтары. Өзендер Атырау облысы аумағында Каспий теңізіне құяды.

Ембі өзені Мұғалжар тауларының батыс беткейінен бастау алып, Ақтөбе және Атырау облыстары аумағы арқылы ағып өтіп, теңіз маңы тұзды батпақтары арасына сіңіп кетеді, бірақ, мол сулы жылдары Каспий теңізіне жетеді.

Жайық өзенінде су температурасы 25,1°С, сутегі көрсеткіші 8,3, судағы еріген оттегі шамасы 4,08 мг/дм³, ОБТ₅ 2,85 мг/дм³.

Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелмеген.

Шаронова өзенінде су температурасы 23,5°С, сутегі көрсеткіші 8,4, судағы еріген оттегі шамасы 4,5 мг/дм³, ОБТ₅ 3,20 мг/дм³.

Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелмеген.

Қиғаш өзенінде су температурасы 25,2°С, сутегі көрсеткіші 7,04, судағы еріген оттегі шамасы 4,7 мг/дм³, ОБТ₅ 2,70мг/дм³.

Шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелмеген.

Атырау облысы аумағындағы Қиғаш, Жайық, және Шаронова өзендерінде су сапасы - *«нормативті таза»* деп бағаланады.

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда Қиғаш, Жайық, және Шаронова өзендерінде су сапасы жақсарды.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) мәні бойынша Жайық және Қиғаш өзендерінің су сапасы *«нормативті таза»*, Шаронова өзені *«ластанудың орташа деңгейі»* деп бағаланады.

Оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуы (ОБТ₅) бойынша 2017 жылдың тамыз айымен салыстырғанда Жайық, Қиғаш және Шаронова өзендерінің су сапасы жақсарды. Оттегі режимі бір қалыпты.

Атырау облысы 2018 жылының қыркүйек айы бойынша станция тұстамасындағы теңіз түптік шөгінділерінің жай-күйі

2018 жылдың қыркүйек айында «**Теңіз кеме жүру арнасы**»(2 станция), «**Жайық өзені қайраңы**» (5 станция) станция тұстамаларында және «**Шалығи шығанағы аралдары**» (5 станция) станциясында теңіздің түптік шөгінділерінің сынамалары іріктелген. Мұнай өнімдерінің мөлшері мен металдар (мыс, хром (6+), кадмий, никель, марганец, мырыш пен қорғасын) құрамы анықталды.

Теңіз кеме жүру арнасы. Іріктелген теңіз түптік шөгінділерінің сынамаларында, мұнай өнімдерінің мөлшері 235,6-262,40 мг/кг, мыс – 0,354-0,985мг/кг,хром (6+)- 0,2-0,24мг/кг, кадмий- 0,0мг/кг, никель 1,31-1,24мг/кг, марганец 4,08-3,42мг/кг, қорғасын мөлшері 0,0мг/кг, мырыш – 2,01-2мг/кг аралығында болды.

Жайық өзені қайраңы. Іріктелген теңіз түптік шөгінділерінің сынамаларында, мұнай өнімдерінің мөлшері 202,9-357,2 мг/кг, мыс – 0,751-1,665мг/кг,хром (6+)- 0,21-0,44мг/кг, кадмий- 0,0мг/кг, никель 1,35-1,74мг/кг, марганец 3,54-4,55мг/кг, қорғасын мөлшері 0,0мг/кг, мырыш – 1,85-2,74мг/кг аралығында болды.

Шалығи шығанағы аралдары. Іріктелген теңіз түптік шөгінділерінің сынамаларында, мұнай өнімдерінің мөлшері 246,3-325,3 мг/кг, мыс – 1,248-1,455мг/кг,хром (6+)- 0,39-0,79мг/кг, кадмий- 0,0мг/кг, никель 1,19-1,77мг/кг, марганец 3,01-3,98мг/кг, қорғасын мөлшері 0,0мг/кг, мырыш – 2,34-2,91мг/кг аралығында болды.

4.5 Атырау облысы аумағындағы Солтүстік Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу келесі жағалық стансаларда зертхана көмегімен жүргізілді: теңіз кеме жүру арналары (2 нүкте), Жайық өзені қайраңы (5 нүкте), Шалығи шығанағы аралдары (5 нүкте).

Теңіз суы сынамаларында қалқымалы бөлшектер, рН, суда еріген оттегі, басты иондар, биогенді заттар, органикалық ластауыштар (мұнай өнімдері, фенолдар), жеңіл тотығатын органикалық заттар (ОБТ₅ бойынша) мен ауыр металдардың мөлшері талданды.

Солтүстік Каспий су температурасы 12,93С, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,23, суда еріген оттегі – 6,87 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,22 мг/дм³. ШЖШ асу байқалмаған Солтүстік Каспийде су сапасы СЛКИ бойынша «*нормативті таза*» деп сипатталды. 2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда теңіз суы сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Каспий теңізінің экологиялық жай-күйіне әсер етуші гидрометеорологиялық жағдай: Солтүстік Каспийде теңіз деңгейі 2018 жылғы қыркүйекте минус 27,45 м және минус 28,57 м шегінде болған. Теңіз деңгейінің орташа мәні минус 27,95 м.

Су келу-қайту жағдайы 4 жағдайда байқалған (кесте 6).


2018 жылғы тамыздағы су келу-қайту жағдайы

станция	кезең	Су деңгейінің көтерілу/түсу биіктігі, см	Желдің басым бағыты, румб	Желдің максималды жылдамдығы, м/с
Пешной	01-03.10	24	шош	10
	03-04.10	45	ош,шош	6
	06.09.2010	68	ош,шош	8
	16-17.10	29	шош	4


Теңіз суындағы хлорофилл-а анықтау бойынша «NASA» АҚШ ұлттық космостық құрылымының космостық суреттерін талдау:

Биоиндикация жер үсті суының экологиялық мониторингіндегі жаңа бағыт болып саналады. Биологиялық нысандар қоршаған ортаға өте сезімтал келеді, әсіресе, нитраттар, фосфор және басқа ластаушы заттардың болуы. Фитопланктондар концентрациясының шамадан тыс көбеюі судың түсінің өзгеруіне әкеліп, мұндай жағдайда фитопланктондар ұйтты болады.


2018 жылғы тамызда Солтүстік Каспийде хлорофилл-а концентрациясы 3,83-17,73 мг/м³ аралығында болған. Мөлшерінің көбеюі (17,2-17,7 мг/м³) Құлалы аралы және Маңғыстау шығанағы аудандарында Волга өзенінің жағалауында қыркүйек айының тоқсандарында байқалған. Қыркүйек айының үшінші тоқсанында теңіз акваториясының орталық және оңтүстік аумақтарында хлорофилл-а концентрациясының 3,8-17,7 мг/м³ аралығында көтерілгені байқалған. Хлорофилл-а мәліметтерін талдау тоқсан сайынғы суреттер бойынша өңделіп, 4.3, 4.4, 4.5, 4.6, 4.7 суреттерінде берілген.




сур. 4.3 хлорофилла-а концентрациясын анықтауға арналған түс шкаласы




4.4-сурет. Солтүстік Каспийдегі 01.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы



4.5-сурет. Солтүстік Каспийдегі 09.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы



4.6-сурет. Солтүстік Каспийдегі 23.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы



4.7-сурет. Солтүстік Каспийдегі 30.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы

4.6 Атырау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияда (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласындағы 1 автоматты бекетте (№7 ЛББ) жүргізілді (4.3-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09-0,19 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

4.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Атырау облысында 1 метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (4.3-сур.). Станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-1,3 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



4.3-сурет. Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

5 Шығыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

5.1 Өскемен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (5.1-сур., 5.1-кесте).

5.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рабочая көшесі, 6	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,күкіртті сутегі, фенол,фторлы сутек,хлор, хлоры сутек,формальдегид, күкірт қышқылы,күшәнның анықталмаған қосындысы, бенз(а)пирен,гамма-фон. №1,5,7 ЛББ:бериллий,кадмий, мыс,қорғасын,мырыш
5			Қайсенов көшесі, 30	
7			Первооктябрьскаякөшесі, 126 (Защита стансасы)	
8			Егорова көшесі, 6	
12			Сәтбаев даңғылы, 12	

2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Питер-Коммунаркөшесі, 18	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Ворошилов көшесі, 79	



5.1-сурет. Өскемен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.1) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **жоғары** болып сипатталады, ол СИ 9-ға (жоғары деңгей), КҚ 18%-ға (орташа жоғары деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Орташа айлық концентрацияны: күкірт диоксиді – 2,5 ШЖШ_{0,т}, азот диоксиді – 1,7 ШЖШ_{0,т}, фторлы сутек – 1,1 ШЖШ_{0,т} құрады, қалған ластағыш заттар ШЖШ жоғарыламады.

Максималды бірлік концентрацияны: өлшенген бөлшектер – 1,2 ШЖШ_{0,т}, PM-10 өлшенген бөлшектер – 1,6 ШЖШ_{0,т}, күкірт диоксиді – 9,4 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді – 2,1 ШЖШ_{0,т}, азот диоксиді – 1,9 ШЖШ_{м.б}, азот оксиді – 2,7 ШЖШ_{м.б}, күкіртсутек – 3,7 ШЖШ_{м.б}, фенол – 1,1 ШЖШ_{м.б} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.2 Зырянов қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (5.2-сур., 5.2-кесте).

5.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді



5.2-сурет. Зырянов қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің (5.5 - сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, ол СИ-0 ге тең мәнімен анықталды.

Ластағыш заттардың орташа айлық және максималды-бірлік концентрациялары ШРК жоғарыламады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.3 Риддер қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

5.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Островский көшесі, 13А	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол, формальдегид,күшән
6			Клинка көшесі, 7	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



5.3-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.2) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **төмен** болып сипатталады, ол СИ=1 (төмен деңгей) және ЕЖО=0%-ға (төмен деңгей) тең мәндерімен анықталды.

Орташа айлық концентрацияны:күкірт диоксиді - 1,1 ШЖШ_{0,т}, озон - 1,2 ШЖШ_{0,т} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады.

Максималды бірлік концентрациясы барлық ластағыш заттар ШРК жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.


5.4 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.4-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.3) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі *жоғары* болып сипатталады, ол СИ 3-ке (жоғары деңгей), КҚ 5%-ға (орташа жоғары деңгей) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Максималды бірлік концентрацияны: РМ-2,5 өлшенген бөлшектер – 2,7 ШЖШ_{м.б}, РМ-10 өлшенген бөлшектер - 1,7 ШЖШ_{м.б}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б}, фенол – 1,7 ШЖШ_{м.б} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.5 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі,15	қалқыма бөлшектер (шан),күкірт диоксиді,азот диоксиді,фенол, күшән,гамма-фон

2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак
---	-------------------	-------------------	-----------------------	---



5.5-сурет. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Бақылаудың стационарлық желілерінің мәліметтері бойынша (сурет 5.4) кенттің атмосфералық ауасының ластану деңгейі **төмен** болып сипатталады, ол СИ 1-ге (төмен деңгей), КҚ 1%-ға (төмен деңгей) тең мәндерімен анықталды (сурет 1, 2).

Орташа айлық концентрацияны: PM-2,5 өлшенген бөлшектер – 3,3 ШЖШ_{0,т}, озон – 1,3 ШЖШ_{0,т} құрады, қалған ластағыш заттардың орташа айлық концентрациялары ШРК жоғарыламады.

Максималды бірлік концентрацияны: күкіртсутек – 1,1 ШЖШ_{м,б}, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м,б} құрады, қалған ластағыш заттар ШРК жоғарыламады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.6 2018 жылдың қыркүйек айындағы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 11 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел, Аягөз өзендері).

Қара Ертіс өзенінде су температурасы 11,6 °С – 16,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,34, судағы еріген оттегінің шоғыры 11,1 мг/дм³, ОБТ₅ 1,30 мг/дм³. ШЖШ артуы тіркелмеді.

Ертіс өзенінде су температурасы 11,2 °С – 15,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,91, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,56 мг/дм³, ОБТ₅ 1,07 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,2 ШЖШ, мырыш (2+) 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Бұқтырма өзенінде су температурасы 10,2 °С – 10,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,97, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,4 мг/дм³, ОБТ₅ 0,99 мг/дм³. Ауыр металдар (мырыш (2+) 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Брекса өзенінде су температурасы 8,6°С – 10,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,86, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,5 мг/дм³, ОБТ₅ 1,49 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш 9,3 ШЖШ, мыс (2+) 2,7 ШЖШ, марганец (2+) 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тихая өзенінде су температурасы 9,6°С – 10,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,56, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,12 мг/дм³, ОБТ₅ 2,39 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 2,4 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 10,2 ШЖШ, марганец (2+) 4,4 ШЖШ, мыс (2+) 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Үлбі өзенінде су температурасы 9,6 °С – 13,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,91, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,2 мг/дм³, ОБТ₅ 2,12 мг/дм³. Ауыр металдар (мырыш (2+) 8,6 ШЖШ, марганец (2+) 3,5 ШЖШ, мыс (2+) 3,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Глубочанка өзенінде су температурасы 11,8 °С – 13,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,25, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,10 мг/дм³, ОБТ₅ 1,96 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 12,0 ШЖШ, мыс (2+) 6,4 ШЖШ, марганец (2+) 3,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Красноярка өзенінде су температурасы 9,8 °С – 11,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,30, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,82 мг/дм³, ОБТ₅ 2,13 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот 2,0 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 18,7 ШЖШ, марганец (2+) 4,8 ШЖШ, мыс (2+) 3,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Оба өзенінде су температурасы 12,8 °С – 13,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,19, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,7 мг/дм³, ОБТ₅ 0,78 мг/дм³. Ауыр металдар (марганец (2+) 1,9 ШЖШ, мырыш (2+) 1,8 ШЖШ, мыс (2+) 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Емел өзенінде су температурасы 13,8 °С – 17,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,62, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,85 мг/дм³, ОБТ₅ 1,53 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 1,8 ШЖШ, мыс (2+) 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Аягөз өзенінде су температурасы 20,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,61, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,45 мг/дм³, ОБТ₅ 1,08 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+) 2,8 ШЖШ, мыс (2+) 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады:

«*нормативті таза*» - Қара Ертіс өзені;

«*ластанудың орташа деңгейі*» – Ертіс, Бұқтырма, Оба, Брекса, Аягөз, Емел өзендері;

«*ластанудың жоғары деңгейі*» – Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, өзендері;

2017 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда Ертіс, Бұқтырма, Красноярка, Брекса, Үлбі, Оба, Аягөз, Емел өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген, Тихая, Глубочанка өзендері – нашарлады, Қара Ертіс өзені - жақсарды.

Облыс аумағында 2018 жылы қыркүйек айында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Глубочанка өзені (1 ЖЛ жағдайы), Красноярка өзені (1 ЖЛ жағдайы), Брекса өзені (1 ЖЛ жағдайы), Тихая өзені (1 ЖЛ жағдайы), Үлбі өзені (2 ЖЛ жағдайы) (5-кесте).

5.5 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша 2018ж. қыркүйек айындағы ШҚО аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Қыркүйек айында **Қара Ертіс** өз.беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 100% құрады.

Перифитон сынамасында диатомды балдырлардың 7 түрі және жасыл балдырлардың 1 түрі анықталды, кездесу жиілігі 1 ден 3 ке дейін. Сапробты индекс 1,82 болды, су сапасының III класына сәйкес, «*орташа ластанған сулар*».

Перифитон сынамасында диатомды балдырлардың 6 түрі және жасыл балдырлардың 2 түрі анықталды, кездесу жиілігі 2 ден 5 ке дейін. Сапробты индекс 1,75 болды, су сапасының III класына сәйкес, «*орташа ластанған сулар*».

2018 ж. қыркүйек айында **Ертіс өз.** алынған су сынамалары тест-объектілерге өткір уытты әсер еткен жоқ, барлық тұстамада да тірі дафниялар 100% құрады, тек «Предгорное ауылы шегінде» тұстамаларында өлген дафниялар 13,3% құрады.

2018 жылдың қыркүйек айында Ертіс өзенінің сынамалары су сапасының III класына сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» болды, тек «Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамада су сапасы II класқа сәйкес келді, «таза су». «Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадан балдырлардың 20 таксоны айқындалды, оның ішінде диатомды балдырлардың 18 түрі және көк-жасыл балдырлардың 2 түрі айқындалды. Кездесу жиілігі 1 ден 9 ге дейін. *Nitzschia palea* және *Achnanthes minutissima* түрлері басым болды. Сапробты индекс 1,47, су сапасының II класына сәйкес. «Конденсаторлы зауытының төгіндісінен 0,5 км төмен» тұстамадан балдырлардың 16 түрі айқындалды, оның ішінде диатомды балдырлардың 14 түрі және көк-жасыл балдырлардың 2 түрі кездесті, сапробты индекс 1,68 тең. Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстаманың сол жақ

жағасынан алынған сынамада балдырлардың 11 таксоны анықталды, оның ішінде диатомды балдырлардың 7 түрі, жасыл және көк-жасыл балдырлардың екі-екі түрі анықталды. Сапробты индекс 1,83 тең. Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған алынған түрлердің саны 14, оның ішінде 9 түр дитомды балдырларға, 4 түр жасыл балдырларға және 1 түр көк-жасыл балдырларға жатады. Сапробты индекс 2,15 тең. «Прапорщиково ауылы шегінде» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 8 түрі және жасыл балдырлардың 1 түрі айқындалды. Сапробты индекс 2,08. «Предгорное а. шегінде» тұстамадан диатомды балдырлардың 14 түрі және жасыл балдырлардың 1 түрі айқындалды, Сапробты индекс 1,91 тең.

Қыркүйек айында «Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадағы макрозообентостың 4 түрі айқындалды, олар Ephemeroptera, Trichoptera, Crustacea, Dipteralarvae дернәсілдері. Биотикалық индекс мәні 5 тең, сапа III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. «0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада Dipteralarvae, Crustacea, Turbellaria таксондарының 4 түрі анықталды. Биотикалық индекс мәні 4 тең, сапа IV класына сәйкес, «ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстамадағы су сынамасында макрозообентос құрамынан Crustaceae, Heteroptera, Vermes, Dipteralarvae таксондары айқындалды. Биотикалық көрсеткіш мәні 4 ке тең, сапа IV класына сәйкес, «ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамада макрозообентос Plecoptera, Trichoptera, Dipteralarvae, Mollusca, Hirudinae қауымдастықтарына жататын 7 таксон анықталған. Биотикалық индекс 8 тең, су сапасының II класына сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Прапорщиково ауылы шегінде орналасқан тұстама сынамасының су сапасы III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық көрсеткіш мәні 5-ке тең. Сынамада Ephemeroptera, Dipteralarvae, Crustacea түрлері табылды. Предгорное ауылы шегінде Краснояр өзенінің 1 км төмен құйылысы сынамасының су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық көрсеткіш мәні 7-ге тең.

2018ж. қыркүйек айында **Бұқтырма өз.** алынған су сынамасын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. Екі тұстамада да тірі дафниялар 100% құрады.

2018 ж. қыркүйек айында перифитон көрсеткіші бойынша Бұқтырма өзенінің «Лесная Пристань ауылы 0,3 км жоғары» тұстамасынан диатомды балдырлардың 12 түрі анықталды. Сапробты индекс 1,85 құрады, су сапасы III клас- «орташа ластанған сулар». «Зубовка аул. шегі» тұстамадан диатомды балдырлардың 14 таксоны анықталды. Сапробты индекс 1,64 тең, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

2018 ж. қыркүйек айында Бұқтырма өз. «Лесная Пристань ауылы 0,3 км жоғары» тұстамасының су түбі жәндіктер қауымдастығының даму деңгейі жақсы болды. Биотикалық индексі 7 су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. Бұл жерден Plecoptera, Ephemeroptera дернәсілдері ауланды. «Зубовка аул. шегі» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасында

Ephemeroptera, Trichoptera, Heteroptera дернәсілдері анықталды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады.

2018 жылдың қыркүйек айында **Брекса өзенінен** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық әсері тіркелген жоқ. «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар 26,7% құрады. Екінші «Риддер қ.шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 10% құрады.

Қыркүйек айында айында Брекса өз. «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» тұстамасындағы перифитон сынамасынан диатомды балдырлардың 11 түрі және жасыл балдырлардың 2 таксоны анықталды. *Symbella ventricosa* және *Asplanthes minutissima* түрлері басым болды, сапробты индекс 1,74, сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар». «Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамадан диатомды балдырлардың 12 түрі айқындалды, кездесу жиілігі 1 ден 5 ке дейін. Сапробты индекс 1,86, сапаның III класына сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Брекса өзенінің «Шубин көз қайнарының құйылысынан 0,5 км жоғары» тұстамасынан алынған сынаманың су түбі жәндіктері биоценоздарының құрамынан 8 таксоны айқындалды. Олар Plecoptera, Trichoptera, Ephemeroptera, Coleoptera, Diptera larvae, Crustaceae, Mollusca түрлері. Биотикалық көрсеткіші 7ге тең, су сапасы II класқа сәйкес, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Риддер қ.шегінде, Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамасынан су түбі жәндіктерінен Trichoptera, Ephemeroptera, Dipteralarvae түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 6 тең, су сапасы III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

2018 жылдың қыркүйек айында **Тихая өзенінен** алынған су сынамалары биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Қала шегінде; Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар 66,7% құрады. Екінші «қала шегінде; сағадан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада өткір уыттылық жағдайы тіркелген жоқ, өлген тест-объектілер 46,7% құрады.

Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамадан балдырлардың 15 түрі айқындалды, оның ішінде 14 түрі диатомдыларға және бір түрі жасыл балдырларға жатады. Сапробты көрсеткіш мәні 2,01, су сапасының III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. «Риддер қаласы шегінде, Тихая өз.сағасынан 8 км жоғары» орналасқан тұстамада диатомды балдырлардың 13 түрі және жасыл балдырлардың 2 таксоны айқындалды. Сапробты көрсеткіш 1,93, су сапасы III класқа сәйкес, «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамадан алынған макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Arachniidae, Heteroptera, Dipteralarvae қауымдастығынан 5 таксон айқындалды. Биотикалық индекс мәні 5 құрады, сапа III класына сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. Ағыс бойымен төмен «Риддер қаласы шегінде, Тихая өз.сағасынан 8 км жоғары» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасынан Trichoptera Plecoptera, Ephemeroptera, Dipteralarvae қауымдастығынан 5 таксон айқындалды.

Биотикалық индекс мәні 6 құрады, су сапасының III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

2018 жылдың қыркүйек айында **Үлбі өзенінен** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген тест-объектілер 80% құрады.

2018 ж. қыркүйек айында Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамасынан балдырлардың 9 таксоны айқындалды, оның ішінде диатомды балдырлардың 6 таксоны, жасыл балдырлардың 2 таксоны және көк-жасыл балдырлардың 1 таксоны анықталды. *Cymbella ventricosa* және *Nitzschia palea* түрлері басым болды. Сапробты көрсеткіш 2,02 құрады, су сапасының III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

«Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңы» тұстамасынан балдырлардың 13 түрі айқындалды, оның ішінде диатомды балдырлардың 8 түрі, жасыл балдырлардың 4 түрі және көк-жасыл балдырлардың 1 түрі анықталды. Сапробты индекс 2,14 тең, су сапасының III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамасынан алынған макрозообентос сынамасы су түбі жәндіктерінің 7 таксоны айқындалды: Plecoptera, Trichoptera, Dipteralarvae. Биотикалық көрсеткіш 8 құрады, су сапасының II класына сәйкес – «*таза*» сулар санатына жатқызылады. Ағыс бойымен төмен «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңы» тұстамасынан алынған макрозообентостың даму деңгейі су сапасының III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» сулар санатына жатқызылады. Бұл жерден Plecoptera, Dipteralarvae дернәсілдері ауланды.

2018ж. қыркүйек айында Өскемен қ. шегіндегі **Үлбі өз.** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Каменный Карьер кенті шегіндегі» тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ. «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (01)» және «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (09)» тұстамаларында өлген дафниялар 20% және 26,7% сәйкес құрады.

2018 жылдың қыркүйек айында **Үлбі өз.** «Каменный Карьер кенті шегіндегі» тұстамадан балдырлардың 23 түрі айқындалды, олардың ішінде 18 түр диатомды, 4 түр жасыл және 1 түр көк-жасыл балдырлар, кездесу жиілігі 1-5 аралығында. Сапробты индекс мәні 1,92-ге тең, сапа III класс болды. «Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (01)» сынамада 12 түр диатомды және 6 түр жасыл балдырлар кездесу жиілігі 1-9 аралығында болды. *Melosira varians* және *Nitzschia palea* түрлері кездесті. Сапробты көрсеткіш 2,11 құрады, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. «Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары (09)» оң жақ жағалауынан алынған сынамадан балдырлардың 14 түрі айқындалды, олардың ішінде 11 түр диатомды және 3 түр жасыл балдырларға жатады. Сапробты индекс мәні 2,17 құрады, су сапасының III класына сәйкес – «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

Үлбі өз. Каменный Карьер кенті шегіндегі «шартты көрініс» тұстамасынан алынған сынамадан судың сапасы III класқа сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жтқызылады. Биотикалық индекс мәні 6 құрады. Макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera қауымдастықтарының 4 таксоны айқындалды. «Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары(01)» сол жақ жаға тұстамасынан алынған сынамадан су сапасы III класпен бағаланды, «орташа ластанған сулар». Сынамада Trichoptera, Ephemeroptera, Heteroptera, Diptera larvae таксондары болды. Биотикалық индекс мәні 5ке тең. «Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары(09)» оң жақ жағалауынан алынған сынамада да сапа III класқа сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады. Су түбі жәндіктері қауымдастығынан Trichoptera, Ephemeroptera, Diptera larvae, Heteroptera дернәсілдері анықталды.

2018ж. қыркүйек айында **Глубочанка өз.** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» тұстамадан өлген дафниялар табылған жоқ. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар 90% құрады. «Глубокое аул. шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар 10% құрады.

Глубочанка өзенінің «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» тұстамасынан алынған сынамада диатомды балдырлардың 12 түрі және көк-жасыл балдырлардың 1 түрі анықталды. Сапробты көрсеткіш 2,16 тең, сапа III класқа сәйкес. «Белоусовка байыту фабрикасының төгінділерінің құйылысынан 0,5 км төмен» тұстамасынан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 4 түрі және жасыл балдырлардың 2 түрі айқындалды, кездесу жиілігі 2. Сапробты көрсеткіш 2,15, сапа III класқа сәйкес болды. «Глубокое а. шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» тұстамадан диатомды балдырлардың 10 түрі айқындалды. Сапробты индекс 2,17 тең, сапа III класқа сәйкес – «орташа ластанған сулар» санатына жатқызылады.

Глубочанка өзенінің «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 5,5 км жоғары» тұстамасынан алынған сынамада Ephemeroptera, Trichoptera, Crustaceae, Arachniidae қауымдастықтарының 6 таксоны анықталып тіркелді. Биотикалық индекс мәні 7 құрады, сапа II класс, «таза сулар» санатына жатқызылады. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» тұстамасынан алынған сынамадан Neuroptera, Heteroptera, Dipteralarvae 3 таксоны айқындалды. Биотикалық индекс мәні 2 құрады, сапа V класс, «лас сулар» санатына жатқызылады. «Глубокое а. шегінде, 0,3 км төмен» тұстамада су сапасы II класқа сәйкес келді, «таза сулар» санатына жатқызылады. Биотикалық индекс мәні– 8.

2018 жылдың қыркүйек айында **Красноярка өзенінен** алынған су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өзара ерекшеленді. «Ертіс кенішінен ағынды шаруашылық қалдық су төгінділерінен 1,5 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар табылған жоқ, өткір уыттылық жоқ. Екінші «Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен;

автожол көпірі жанында» тұстамада өткір уыттылық тіркелді, өлген дафниялар 86,7% құрады.

2018 ж. қыркүйек айындағы Красноярка өз. «Ертіс кені төгінділерінен 1,5 км жоғары» тұстамасынан балдырлардың 11 түрі айқындалды, оның ішінде диатомды балдырлардың 9 түрі, жасыл және алтын тіріздес балдырлардың бір-бір түрі анықталды. Сапробты көрсеткіш мәні 1,99, сапа III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Екінші «Березовка өз. құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі жанында» тұстамадан диатомды балдырлардың 5 түрі және эвгленді балдырлардың 1 түрі анықталды, сапробты индекс 2,29 тең, сапа III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады.

2018 ж. қыркүйек айындағы Красноярка өз. «Ертіс кені төгінділерінен 1,5 км жоғары» тұстамасында алынған сынамалардан макрозообентос көрсеткіштері бойынша су сапасы III класс, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Бұл жерден Ephemeroptera, Heteroptera, Crustaceae, Dipteralarvae, Hirudinae айқындалды. Биотикалық көрсеткіш 5 құрады. «Березовка өзенінің 1 км төменгі құйылысы» тұстамасынан алынған сынамалардан макрозообентос көрсеткіштері бойынша су сапасы III класс, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Бұл жерден Plecoptera, Trichoptera, Dipteralarvae, Heteroptera түрлері айқындалды. Биотикалық көрсеткіш 6 құрады.

2018 ж. қыркүйек айында **Оба өз.** алынған су сынамаларында өткір уыттылық әсер тіркелген жоқ. «Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» тұстамада өлген дафниялар табыған жоқ, екінші «Камышенка аул. шегінде» тұстамада өлген дафниялар 6,7% құрады.

Оба өз. «Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» тұстамасындағы перифитон сынамасынан 16 түр балдырлар айқындалды, олардың ішінде 12 түр диатомды, 2 түр жасыл және 2 түр көк-жасыл балдырлар. Сапробты индекс мәні 166 құрады, су сапасы III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*». «Камышенка ауылы шегінде» сынамадан 7 түр диатомды, 6 түр жасыл және 2 түр көк-жасыл балдырлар анықталды. Сапробты индекс 1,83, сапа III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*».

Оба өзенінің «Березовка өз. құйылысынан 1,8 км жоғары» тұстамасынан алынған сынамада макрозообентос құрамынан Ephemeroptera, Heteroptera, Dipteralarvae, Mollusca айқындалды. Биотикалық индекс мәні – 6, сапасы III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. «Камышенка ауылы шегінде» алынған сынамада су түбі жәндіктірінің көрсеткіші бойынша сапасы II класқа сәйкес, «*таза сулар*» санатына жатқызылады. Сынамада Plecoptera, Ephemeroptera, Trichoptera, Heteroptera дернәсілдері анықталды. Биотикалық индекс мәні 7 құрады.

Қыркүйек айында **Емел өз.** беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі қалған дафниялар саны 100% құрады.

Фитопланктонның даму көрсеткіші бойынша 2018 ж. қыркүйек айында Емел өзенінің су сапасы III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Сынамадан 19 түр балдырлар анықталды, олардың 14 түрі диатомды, 3 түрі жасыл, көк-жасыл және алтын тәріздес балдырлардан бір-бір таксон

анықталды. Балдырлардың жалпы саны -3000 мың.кл/л, биомасса – 2800 мг/л. Сапробты көрсеткіш 2,24 тең. Перифитон сынамасынан балдырлардың 19 түрі айқындалды, оның ішінде 14 түр диатомды, 4 түр жасыл және 1 түр көк-жасыл балдырлар. Сапробты көрсеткіш 2,21 тең, су сапасы III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады. Зоопланктон сынамасынан тек ескек аяқты шянтәрізділердің копеподидті және науплиальды сатысы анықталды. Түрлер санының аздығынан статистикалық нәтиже үшін сапробты көрсеткішті анықтау мүмкін болмады.

Қыркүйек айында Емел өз. макрозообентос сынамасынан су түбі жәндіктерінің Ephemeroptera, Diptera larvae қауымдастықтарының 3 таксоны тіркелді. Биотикалық индекс 5ке тең, су III класқа сәйкес, «*орташа ластанған сулар*» санатына жатқызылады (8,9-Қосымша).

5.8 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық станцияларда (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,25 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

5.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияларда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-2,1 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.9-сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен

4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі, аммиак



6.1-сурет. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ 9% азот диоксиді бойынша анықталды.

Орташа айлық шоғырлары азот диоксиді – 2 ШЖШ_{0.т.}, озон (жер беті) бойынша – 1,4 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлары бойынша Күкіртті сутегі – 4,1 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Орташа айлық шоғырлар озон (жер беті) бойынша– 1,9 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлары PM -10 қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, озон (жер беті)



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=1% PM-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша.

Орташа айлық шоғырлар озон (жер беті) бойынша– 1,7 ШЖШ_{о.т.}, PM-2,5 қалқыма бөлшектер -1,6 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері -1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлары бойынша PM-2,5 қалқыма бөлшектер -1,5 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері -1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 PM-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша және ЕЖҚ=1% PM-10 қалқыма бөлшектер бойынша анықталды.

PM -10 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлары -1,1 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) бойынша– 1,1 ШЖШ_{от.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

PM -2,5 қалқыма бөлшектердің максималды бір-реттік шоғырлары бойынша - 3,1 ШЖШ_{м.б.}, PM -10 қалқыма бөлшектері – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0 % .

Орташа айлық шоғырлар озон (жер беті) бойынша- 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Талас, Асса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Талас өзені суының температурасы $15,0-18,0^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутектік көрсеткіш 8,15, суда еріген оттегінің шоғыры $9,13 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $3,13 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс(2+) – 2,8 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Асса өзені суының температурасы $13,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры $8,11 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $3,24 \text{ мг/дм}^3$. Органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Билікөл көлі суының температурасы $22,6^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры $7,19 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $12,4 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар – 4,8 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,4 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Шу өзені суының температурасы $14,0 - 17,0^{\circ}\text{C}$ шегінде, сутектік көрсеткіш 7,68, суда еріген оттегінің шоғыры $8,55 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $3,92 \text{ мг/дм}^3$. Органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Ақсу өзені суының температурасы $18,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,15, суда еріген оттегінің шоғыры $9,34 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $4,64 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,0 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қарабалта өзені суының температурасы $17,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,00, суда еріген оттегінің шоғыры $9,39 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,98 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар – 5,3 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 3,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тоқташ өзені суының температурасы $10,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,00, суда еріген оттегінің шоғыры $8,58 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $1,94 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 3,0 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,2 ШЖШ, марганец(2+) – 1,2 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сарықау өзені суының температурасы $18,8^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры $9,45 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $2,86 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,3 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 2,0 ШЖШ, мырыш(2+) – 3,1 ШЖШ, марганец(2+) – 3,9 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тасөткел су қоймасы температурасы $18,0^{\circ}\text{C}$, сутектік көрсеткіш 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры $9,28 \text{ мг/дм}^3$, OBT_5 $5,64 \text{ мг/дм}^3$. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+) – 2,0 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,1 ШЖШ, марганец(2+) – 1,2 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,0 ШЖШ, мұнай өнімдері – 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады:

«ластанудың орташа деңгейі» – Талас, Асса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі;

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда Талас, Асса, Шу, Ақсу, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі – айтарлықтай өзгермеген; Қарабалта өзені – жақсарған;

ОБТ₅ бойынша Билікөл көлі – «ластанудың өте жоғары деңгейі»;

Талас, Асса, Шу, Ақсу өзендері және Тасөткел су қоймасы – «ластанудың орташа деңгейі»;

Қарабалта, Тоқташ және Сарықау өзендері – «нормативті таза».

ОБТ₅ бойынша су сапасын 2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда Шу, Тоқташ өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі – айтарлықтай өзгермеген; Талас, Асса және Ақсу өзендері – нашарлаған; Қарабалта және Сарықау өзендері – жақсарған. Оттегі режимі бірқалыпты.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,10-0,19 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,8 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің қосындысы, метан
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмір сутегісінің қосындысы, метан



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (*№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаған өз. арқылы көпір ауданы*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

**Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**


Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ПЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ПЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0854	0,2847	0,0801	0,2671
Күкірт диоксиді	0,0892	0,2973	0,0678	0,2260
Көміртегі оксиді	1,3820	0,2764	2,2107	0,4421
Азот диоксиді	0,0324	0,1620	0,0184	0,0920
Азот оксиді	0,0245	0,0613	0,0246	0,0615
Күкіртті сутегі	0,0018	0,2250	0,0020	0,2481
Көмір сутегі сомасы	21,2410		21,9660	
Аммиак	0,0064	0,0320	0,0199	0,0997
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,0682	0,2273	0,0771	0,2570

7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды.

Озонның (жер беті) орташа айлық шоғыры 1,2 ШЖШ_{0,Т} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Лаस्ताушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


7.4 Березовка кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тупиковая көшесі, 1/6	PM 2,5 қалқыма бөлшектер, PM 10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, азот оксиді мен диоксиді, көміртегі оксиді күкіртті сутегі, аммиак



7.3-сурет. Березовка кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).


7.5 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.4-кесте).

7.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Январцево а.	PM 2,5 қалқыма бөлшектер, PM 10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот оксиді мендиоксиді,озон (жербеті),күкірттісутегі,аммиак



7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

7.6 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады(7.6-кесте).

**Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктесі	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0621	0,2070
Күкірт диоксиді	0,0174	0,0348
Көміртегі оксиді	1,8930	0,3786
Азот диоксиді	0,0866	0,4330
Азот оксиді	0,0270	0,0676
Күкіртті сутегі	0,0022	0,2725
Көмір сутегі сомасы	20,6460	
Аммиак	0,0097	0,0485
Формальдегид	0	0
Бензол	0,0570	0,1900

**7.7 2018 жылғы қыркүйек айындағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы
жер үсті су сапасы**

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су нысанында жүргізілді: Жайық, Шаған, Деркөл, Шыңғырлау, өзендері.

Жайық өзен суының температурасы 12-21°C, сутегі көрсеткіші 7,32, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,04 мг/дм³, ОБТ₅ - 2,13 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, жалпы темір – 2,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Шаған өзенінде су температурасы 21-23°C, сутегі көрсеткіші 7,40, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,73 мг/дм³, ОБТ₅ 2,60 мг/дм³. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, жалпы темір – 2,1 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Деркөл өзенінде су температурасы 21 °C, сутегі көрсеткіші 7,37, судағы еріген оттегі концентрациясы – 12,64 мг/дм³, ОБТ₅- 2,30 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 2,7 ШЖШ) бойынша нормадан асуы тіркелген.

Шыңғырлау өзенінде су температурасы 10 °C, сутегі көрсеткіші 7,42, судағы еріген оттегі концентрациясы – 13,12 мг/дм³, ОБТ₅- 2,60 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер -1,2 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық, Шаған, Деркөл, Шыңғырлау өзендері су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланды

2017 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда Жайық, Шаған, Деркөл, Шыңғырлау өзендерінде су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Оттегіні 5 тәулікте химиялық тұтыну шамасы бойынша су сапасы Жайық, Шаған, Деркөл, Шыңғырлау өзендері су сапасы «*нормативті таза*» деп бағаланды.

7.8 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпақ) және Ақсай қаласының (№4 ЛББ)3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.5-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,05-0,24мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес

7.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9-1,6 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.5-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид

7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, азот оксиді
6			Стартовый, 61/7 бұрылысы, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, азот оксиді,күкіртсутегі,аммиак
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері, PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербетгі) күкіртсутегі,аммиак



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, №8 бекет аумағында (3-кочегарка көшесі (Пришахтинск) СИ=9-ға тең (жоғары деңгей), НП = 21% (жоғары деңгей) сәйкес PM 2,5 қалқыма бөлшектері бойынша анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,8 ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,3 ШЖШ_{о.т.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 8,7 ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 4,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 6,1 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық бақылаулар мәліметі бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында ауаның ластануын бақылау 1 бекетте жүргізілді (*№1 бекет – Пришахтинск ауданы*).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, С₁-С₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылаулар нәтижесі бойынша барлық анықталатын заттардың максималды бір реттік айлық шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылаулар мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспа	$q_{m} \text{ мг/м}^3$	$q_{m} / \text{ШЖШ}_{\text{м.б}}$
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,050	0,10
Күкірт диоксиді	0,057	0,11
Көміртегі оксиді	3,700	0,74
Азот диоксиді	0,027	0,14
Азот оксиді	0,037	0,09
Күкіртсутегі	0,006	0,75
Фенол	0,009	0,90
С ₁ -С ₁₀ көмірсутектері	57,300	
Аммиак	0,041	0,21
Формальдегид	0,000	0,00

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық бақылаулар мәліметі бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте – ЖЭО – нан 3 км су айдауыш станциясына қарай (Шахтинск ЖЭО әсері) №2 нүкте солтүстік өнеркәсіптік аймақ (Стандартты емес жабжық және шағын механикаландыру зауытының, Қазақстан, Шахтинск, Ленин атындағы шахталарының әсері).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі, фенол, C₁-C₁₀ көмірсутектерінің, аммиак, формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

№2 нүктеде күкіртсутегінің максималды бір реттік айлық шоғырлары –5,0 ШЖШ_{м.б} құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (8.3-кесте).

8.3-кесте

Шахтинск қаласының бақылаулар мәліметі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары

Анықталатын қоспа	Сынама нүктелері			
	№1		№2	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ _{м.р}	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ _{м.р}
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,050	0,10	0,050	0,10
Күкірт диоксиді	0,075	0,15	0,071	0,14
Көміртегі оксиді	4,000	0,80	4,000	0,90
Азот диоксиді	0,030	0,15	0,020	0,12
Азот оксиді	0,040	0,10	0,040	0,10
Күкіртсутегі	0,010	0,75	0,040	5,00
Фенол	0,009	0,90	0,009	0,90
C ₁ -C ₁₀ көмірсутектері	58,000		59,000	
Аммиак	0,040	0,20	0,050	0,26
Формальдегид	0,000	0,00	0,000	0,00

8.4 Балхаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	«Сабитовой» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен	

			Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшәла, қорғасын, хром, никель (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,азот диоксиді, сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежим де	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (1-сурет), атмосфералық ластану деңгейі **көтеріңкі** деңгей болып есептелді, оның шамасы №2 бақылау бекеті (Ленина көшесі, №10 үйден төменірек) аумағында күкіртсутегі бойынша СИ=4-ке (көтеріңкі деңгей)және №1(Мрн.«Сабитова», ОМ № 16 маңайында) қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша НП =17-ге (көтеріңкі деңгей) тең.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғыры - $1,9ШЖШ_{от}$,- қорғасын - $1,9ШЖШ_{от}$, қалған ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлар ШЖШ-дан асқан жоқ.

Күкірт диоксидінің максималды бір реттік шоғырларынан асуы– $2,8ШЖШ_{м.б}$ құрады, күкіртсутегі бойынша – $4,2ШЖШ_{м.б}$, қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – $4,0ШЖШ_{м.б}$ құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

Атмосфералық ауаның жоғары ластануы(ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

8.5 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауа ластануың бақылау 3 нүктеде (№1 нүкте – 17 орамы, "Фудмарт" дүкенінің ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің, аммиактың, бензолдың, күкірт диоксиді, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртсутегінің, көмір сутегі сомасы, озонның (жербеті), хлорлы сутегінің шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.5-кесте).

8.5-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры


Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Аммиак	0,006	0,030	0,006	0,030	0,006	0,030
Бензол	0,09	0,30	0,09	0,30	0,08	0,27
Қалқыма бөлшектер	0,04	0,08	0,04	0,08	0,05	0,10
Күкірт диоксиді	0,0005	0,0010	0,0003	0,0006	0,0004	0,0008
Азот диоксиді	0,004	0,020	0,003	0,015	0,003	0,015
Азот оксиді	0,003	0,008	0,003	0,008	0,003	0,008
Көміртегі оксиді	1,78	0,36	1,81	1,36	1,81	0,36
Көміртегі диоксиді	934,0		1001,0		1050,0	
Күкіртсутегі	0,0000	0,0000	0,0002	0,0250	0,0003	0,0375
Көмір сутегі сомасы	7,7		5,0		4,9	
Озон (жербеті)	0,008	0,050	0,008	0,050	0,008	0,050
Хлорлы сутегі	0,009	0,05	0,009	0,05	0,008	0,04

8.6 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.6-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 Қалқыма бөлшектері,PM-10 Қалқыма бөлшектері,азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкірттісутек, аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ = 50,1 % (өте жоғары деңгей) және СИ = 9,7 (жоғары деңгей) күкіртсүтегімен № 1-бекеттің аумағында (М. Жалиля көшесі, 4а/1) анықталды.

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 2,3 ШЖШ_{0.т.}, азот диоксиді - 1,1 ШЖШ_{0.т.}, фенолдың – 2,5 ШЖШ_{0.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді - 1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкірттісутегі – 9,7 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 2,8 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


8.7 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.7-кесте).

8.7-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті) күкіртсутек



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0 анықталды (1,2-сур.).

Орташа және максималды бір реттік айлық шоғырлары рұқсат етілген норма шегінен аспады (1-кесте).


8.8 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.8-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Димитров көшесі,213	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,сульфаттар,көміртегі оксиді,азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, фенол,аммиак
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.8-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ = 24 % (жоғары деңгей) фенолмен №3-бекеттің аумағында (3 «а» шағын ауданы, құтқару стансасының ауданы) және СИ =5 (жоғары деңгей) күкіртсутегі № 2 - бекеттің аумағында (*Фурманов көшесі, 5*) анықталды.

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,4ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,6 ШЖШ_{о.т.}, аммиак –1,4ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: өлшенген бөлшектердің (шаң) – 1,4ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 4,95 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 5,4 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,4 ШЖШ_{м.б.}. құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.9 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 9 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Қара Кеңгір, Сарысу өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балқаш көлі.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің сол жақ жағалауындады саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені: су температурасы 10,0 – 15,5°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,31 мг/дм³, ОБТ₅ –2,13 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 6,5 ШЖШ, мыс (2+) – 1,7 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00005 мг/дм³, ең үлкен концентрациясы – 0,00015 мг/дм³.

Самарқан су қоймасында: су температурасы 11,0 – 14,8°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,12, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,675 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,91 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 6,2 ШЖШ, мыс(2+) – 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Кеңгір су қоймасында су температурасы – 18,8 °С, сутегі көрсеткіші 7,85, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,01 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,75 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) – 1,8 ШЖШ, мырыш (2+) –1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 2,8 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,2 ШЖШ), бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қара Кеңгір өзенінде су температурасы 15,0 – 17,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,77, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,35 мг/дм³, ОБТ₅ – 7,16 мг/дм³. Биогенді заттар (тұзды аммоний – 15,0 ШЖШ, нитритті азот – 8,8 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 7,5 ШЖШ, мыс (2+) – 1,9 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Сарысу өзені: су температурасы 12,2 – 14,5 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,98 судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,02 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,13 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 6,8 ШЖШ, сульфаттар – 12,0 ШЖШ, кальций – 1,3 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 2,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 5,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Соқыр өзені: су температурасы 12,4 – 16,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,20, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,405 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,145 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 2,7 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 15,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 8,0 ШЖШ, мыс (2+) – 2,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00001 мг/дм³ құраған.

Шерубайнұра өзені: су температурасы 11,0 – 14,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші – 8,24, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,75 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,52 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 8,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 7,1 ШЖШ, мыс (2+) – 1,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Көкпекті өзені: су температурасы 13,0 °С, сутегі көрсеткіші – 8,38, судағы еріген оттегі концентрациясы – 12,44 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,87 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 2,1 ШЖШ), ауыр металдар (марганец(2+) – 5,6 ШЖШ, мыс(2+) – 1,7 ШЖШ, мырыш(2+) – 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Балқаш көлінде: су температурасы 16,2-19,0°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,51, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,45 мг/дм³, ОБТ₅ – 0,70 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс(2+) – 2,0 ШЖШ, мырыш(2+) – 3,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қарағанды облысы жер үсті суларының су сапасы 2018 жылдың қыркүйек айында келесі түрде бағаланады: *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»* су – Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір, Сарысу өзендері.. Қалған барлық су нысандары *«ластанудың орташа деңгейіндегі»* су.

2017 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда Балқаш көлінің су сапасы жақсарған, қалған су нысандарында айтарлықтай өзгерген жоқ.

2018 жылғы қыркүйек айында ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Қара Кеңгір өзенінде *«ластанудың жоғары деңгейіндегі»*, Сарысу өзенінде *«ластанудың*

орташа деңгейіндегі» су, қалған су нысандары *«нормативті таза»* су деп бағаланды.

2017 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда, ОБТ₅ бойынша Қара Кеңгір өзенінде су сапасы жақсарған. Ал қалған су нысандарында айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты.

Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Соқыр өзені – 1 ЖЛ жағдайы, Шерубайнұра өзені – 2 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір өзені - 3 ЖЛ жағдайы, Сарысу өзені – 3 ЖЛ жағдайы(5-кесте).

8.10 Қарағанды облысының гидробиологиялық (уытты) көрсеткіштері бойынша жер үсті су сапасы

Нұра өзені

Зоопланктон қалыпты дамыды. Су сынамасындағы орташа түр саны 2. Ескекаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 75% құрады. Талшық мұртты шаяндар жалпы планктон санының 25% құрады. Су сынамасында домалақ құрттар кездеспеді. Жалпы орташа саны 0,67 мың дана/м³, ал биомассасы 7,08 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,65-тен 2,07 аралығында болып, осы есептік айда өзен бойынша орташа сан 1,86 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 58% құрады. Су сынамасындағы түрлер саны 8-26 аралығында болып, орташа сан 21 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,77 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,069 мг/дм³ тең болды. Жоғары сапроб индекстері Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және "Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефі" тұстамасында көрсетті (1,88). Орташа сапроб индексі 1,82, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Өзен бойынша перифитон бірлестігі қалыпты дамыды. Диатомды балдырлардан Amphora, Melozira, Navicula; жасыл балдырлардан: Ankistrodesmus, Cosmarium, Pediastrum және Scenedesmus түрлері көбірек кездесті. Көк-жасыл балдырлар ішінен: Gloeocapsa sanguinea, Microsuctis marginata, Oscillatoria brevis; эвгленалылардан: Euglena mutabilis және Euglena spirogyra түрлері жиі кездесті. Сонымен қатар су сынамасында кірпікшелі инфузория Dileptus anser мен тамыраяқты Acanthocystis turfacea кездесті. Орташа сапроб индексі 1,95 құрады. Яғни, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің зообентосы бауыраяқты және қосжақтаулы ұлулардан, шаянтәрізділер мен жылғалықтардан құралды. Бауыраяқты ұлулардан (Gastropoda): Lymnaea auricularia, L.ovata және L.pereger, қосжақтаулылардан (Bivalvia): Anodonta cygnea, Schaerium corneum, Schaerium solidum мен Unio pictorum түрлері басымдылық танытты. Вудивиссу бойынша биотикалық индексі 5 тең болды. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу қорытындысы бойынша тірі қалған дафниялар саны бақылауға қатынасы бойынша 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Зоопланктон бірлестігі зерттелген нысанда қалыпты дамыған. Су сынамаcында ескекаяқтылар мен талшық мұрттылар ғана кездесті. Талшықмұртты шаяндар басымдылық көрсетіп, жалпы зоопланктон анының 67% құрады. Жалпы саны 1,5 мың дана/м³, ал биомассасы 20,0 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 2,10. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, фитопланктон биомассасының 87% құруға қатысты. Жалпы саны 0,52 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,015 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 7. Сапроб индексі - 2,08. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон су сынамаcы диатомды сипатта кездесті. Олар *Cyclotella meneghiniana*, *Navicula rhynchoccephala*, *Stephanodiscus hantzschii* балдырларынан құралды. Жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар шамалы ғана кездесті. Сапроб индексі 2,18 көрсетті. Өткен аймен салыстырсақ, шамалы жоғарылағанын көрсетеді.

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес тест-нысанға уытты әсері анықталмады. Өзен бойынша өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы - 3% тең болды.

Қара Кеңгір өзені

Зоопланктон сынамаcы орташа дамыған. Талшықмұртты шаяндар 38%, ескекаяқты шаяндар 20%, ал домалақ құрттар басымдылық танытып, жалпы планктон санының 42% құрады. Сынамадағы орташа түр саны – 3, орташа жалпы саны 1,59 мың дана/м³, биомассасы 7,79 мг/м³. Сапроб индексі – 1,70, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды балдырлар басымдылық танытып 63%, жасыл балдырлар 37% кездесті. Көк-жасыл балдырлар мен басқа балдыр түрлері су сынамаcында кездеспеді. Жалпы саны мен биомассасы 0,47 мың кл/см³, 0,019 мг/дм³. Сынамадағы түрлер саны – 9. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,85, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Зоопланктон сынамаcы бірқалыпты дамыды. Оның негізін ескекаяқты шаяндар құрап, 60% зоопланктонның жалпы санын құрады. Талшықмұртты шаяндар 40% кездесті. Жалпы орташа саны 1,25 мың дана/м³, ал биомассасы 13,75 мг/м³. Сапроб индексі 1,78, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін диатомды және жасыл балдырлар құрап, жалпы фитопланктонның 98% биомассасын құруға қатысты. Сонымен қатар көк-жасыл балдырлар кездесті. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 0,74 мың кл/см³, биомассасы 0,057 мг/дм³. Су сынамаcындағы түрлер саны – 23. Сапроб индексі 1,83, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитонның түрлік құрамы диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Amphora ovalis var. gracilis*, *Symbella lanceolata*, *Diatoma vulgare* мен *Navicula cryptocephala* түрлері басымдылық

танытты. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сапроб индексі 1,90 көрсетті. Су класы - үшінші. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос қосжақтаулы ұлулар (Bivalvia), шаянтәрізділер (Crustacea) және жәндік дернәсілдерінен (Insecta) құралды. Жәндіктердің ішінен қосқанаттылар (Diptera) мен жылғалықтар (Trichoptera) кездесті. Су сынамасында түр-индикаторларының Chaoborus sp. (α -р-2,25), Gammarus pulex (χ - β -0,65), Hydropsyche sp. (β -1,95), Pisidium casertanum (α -1,15), Sphaerium corneum (β - α -2,4) түрлері көп кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижесіне сәйкес тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтер бойынша зерттелген су нысаны уытты әсер етпейді.

Кенгір су қоймасы

Зоопланктон сынамасы қалыпты дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық көрсетіп, жалпы зоопланктон санының 98% құрады. Талшықмұртты шаяндар 2%, ал домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Орташа саны 0,51 мың дана/м³, биомассасы 5,18 мг/м³. Сапроб индексі 1,77, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон жақсы дамыды. Жалпы саны мен биомасса жағынан жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 81% құрады. Жалпы саны орташа 0,31 мың кл/см³, ал биомасса 0,027 мг/дм³ болды. Су сынамасындағы түр саны – 11. Сапроб индексі 1,76. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу қорытындысы бойынша тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіш - 0%. Зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Балқаш көлі

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы планктон санының 83% құрады. Талшықмұртты шаяндар 17% құрады. Орташа саны 3,97 мың дана/м³, биомассасы 73,58 мг/м³. Сапроб индексі 1,63 – 1,73 аралығында болып, су класы 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон негізінен диатомды балдырлардан тұрды. Олар жалпы биомассаның 63% құрды. Көк-жасыл балдырлар 28%, ал жасыл балдырлар 9% көрсетті. Жалпы саны 0,096 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,008 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы орташа түр саны - 5. Сапроб индексі 1,67 – 1,77 аралығында болып, орташа сан 1,71 құрады. Су сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, Балқаш көлінің келесіндей тұстамаларында Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км – 7%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км - 7% нәтиже көрсетті. Басқа тұстамалар бойынша тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес зерттелген су нысаны уытты әсер етпейді (9-Қосымша).

8.11 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,09-0,32мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,17 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-1,4 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6-сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43,қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
4			Маяков көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=2және ЕЖҚ=0% (сурет. 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			мешіттің маңы	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды СИ=1, ЕЖҚ=0%.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды СИ=1, ЕЖҚ=0%.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.4 Арқалық қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.4-сур., 9.4-кесте).

9.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
11	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	АТЭК аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
12			Арқалық МС аймағында	



9.4-сурет. Арқалық қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.4-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=0%азот диоксидімен басым ластанғаны анықталды (№12 – Арқалық МС аймағында).

Азот диоксидінің максималды-бірлік шоғырлары 1,97 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.5 Жітіқара қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.5-сур., 9.5-кесте).

9.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
9	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	орталық базардың аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
10			Жітіқара М аймағында	



9.5-сурет. Жітіқара қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.5-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=1% PM-10 қалқыма бөлшектеріменбасым ластанғаны анықталды (№9 – орталық базардың аймағында).

Күкірт диоксидінің орташа айлық шоғырлары – 2,7 ШЖШ_{0.т.}, басқа барлық ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


9.6 Лисаковск қаласының атмосфералық ауасының ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.6-сур., 9.6-кесте).

9.6-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен Анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Қызылжар гидрологиялық бөгенінің салыну аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді
8			«Лисаковсккомуннерго» МКМ аймағы, Тобыл көшесі	



9.6-сурет. Лисаковск қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.6-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану

деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0%(төменгі деңгей)анықталды.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бірлік шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

9.7 Қостанай облысының аумағында трансшекаралық өзендерде жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысының аумағында трансшекаралық өзендерде жер үсті суларының ластануын бақылау 3 су нысанында жүргізілді: Тобыл, Айт, Тоғызақ.

Тобыл өзенінде судың температурасы 16,7 °С, сутегі көрсеткіші 8,52 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 8,14 мг/дм³, ОБТ5 2,12 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (никель 9,1 ШЖШ, мырыш 5,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Айт өзенінде судың температурасы 13,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,56 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,78 мг/дм³, ОБТ5 2,67 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 1,3 ШЖШ, магний 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш 4,3 ШЖШ, никель 9,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Тоғызақ өзенінде судың температурасы 14,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,90 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,9 мг/дм³, ОБТ5 4,25 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар 2,7 ШЖШ, магний 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс 4,0 ШЖШ, мырыш 9,2 никель 8,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Қостанай облысының аймағында су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: *«ластанудың деңгейі жоғары»* -Тобыл, Айт, Тоғызақ өзендері.

2017 жылының қыркүйек айымен салыстырғанда су сапасы: Айт өзенінде – айтарлықтай өзгерген жоқ; Тобыл, Тоғызақ өзендерінде – нашарланған.

5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы: *«нормативті таза»*- Тобыл өзені; *«ластанудың деңгейі орташа»*- Айт, Тоғызақ өзендері;

2017 жылының қыркүйек айының 5 тәулік ішінде оттегіні биохимиялық тұтыну бойынша су сапасы: Тобыл, Айт өзендерінде - айтарлықтай өзгерген жоқ, Тоғызақ өзенінде- нашарланған.

9.8 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Докучаевка, Қарасу, Комсомolec, Қостанай, Урицкий)және Қостанай (№2, №4 ЛББ),Рудный қалаларының (№5, №6 ЛББ)автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (9.7-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,17 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

9.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Жітіқара, Қостанай) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.7-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,4 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.7-сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Төреқұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
3			Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станса»	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1,0 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар күкірт диоксиді – 1,14 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,07 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары азот диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан


10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0,32 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа айлық және максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.3 Төретам кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид



10.3-сурет. Төретам кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа және максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізіледі: Сырдария өзені және Арал теңізі.

Сырдария өзені суының температурасы 17,97°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні – 7,93, суда еріген оттегінің шоғыры 4,38 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,55 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс 2,0 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Арал теңізі суының температурасы 16,2°C, сутектік көрсеткіш – 7,7, суда еріген оттегінің шоғыры 3,98 мг/дм³, ОБТ5 1,4 мг/дм³. Ауыр металдар (мыс 2,0 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сырдария өзені және Арал теңізі суының сапасы орташа деңгейлі ластану болып табылады.

2017 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда Сырдария өзені мен Арал теңізі суы айтарлықтай өзгермеген.

10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда, Шиелі) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08-0,23мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,4 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.4-сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	1 шағынаудан, Жайық-Каспий экология департаментінің аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			«Морпорт Ақтау» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы

5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер беті), күкірттісутегі, аммиак
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак



11.1-сурет. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=7 (жоғары деңгей) PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудан) анықталды және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) PM-2,5 қалқыма бөлшектері және PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) анықталды (1,2-сур.).

**БҚ-ға сәйкес, егер СИ және ЕЖҚ әртүрлі бағаларға түссе, атмосфераның ластану дәрежесі осы көрсеткіштердің ең үлкен мәнімен бағаланады.*

Жалпы қала бойынша орташа айлық озон (жер беті) – 1,0 ШЖШ_{0.т.}, қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,3 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектердің максималды-бірлік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, PM-10 қалқыма бөлшектері – 7,13 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді, озон (жербеті),күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы,метан
2			метеостанцияның маңы	



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 2 бекет аумағында (ауа райы станциясының жанында) және ЕЖҚ=5% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша № 2 бекет аумағында (ауа райы станциясының жанында) анықталды (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі максималды-бір реттік шоғырлары -1,7 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді- 1,24 ПДК_{м.р.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, күкіртті сутегі



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) анықталды (1,2 -сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.4 Қошқар-Ата қалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

«Қошқар-Ата» к/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	$q_{\text{мг/м}^3}$	$q_{\text{м/ШЖШ}}$
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,05	0,18
Күкірт диоксиді	0,03	0,1
Көміртегі оксиді	0,74	0,1
Азот диоксиді	0,00	0,02
Азот оксиді	0,01	0,02
Күкіртсутегі	0,00	0,3
Көмір сутегі сомасы	22,7	-
Аммиак	0,03	0,1

11.5 Баутино кенті аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау Баутино кентінде жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот

диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.5-кесте).

11.5-кесте

Баутино кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,08	0,26
Күкірт диоксиді	0,02	0,032
Көміртегі оксиді	1,5	0,3
Азот диоксиді	0,01	0,07
Азот оксиді	0,01	0,04
Күкірттісутегі	0,003	0,4
Көмір сутегі сомасы	5,6	-
Аммиак	0,01	0,07

11.6 Маңғыстау облысы кен орындарындағы атмосфералық ауа жай - күйі

Дунга және Жетібай кенорындарының барлық нүктелерінде қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, аммиактың, күкірт қышқылының және көмірсулар қосындысының максималды шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

11.7 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Теңіз суы сапасына бақылау жүргізу Қара Боғаз және "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймақ су айдыны (4 нүкте). Теңіз суы сынамаларында қалқыма бөлшектер, рН, суда еріген оттегі, басты иондар, биогенді заттар, органикалық ластауыштар (мұнай өнімдері, фенолдар), жеңіл тотығатын органикалық заттар (ОБТ₅ бойынша) мен ауыр металдардың мөлшері талданды.

Орталық Каспий су температурасы 19,1-21,5°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,21, суда еріген оттегі – 9,72 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,78 мг/дм³ болды. ШЖШ асу байқалмаған.

2018 жылдың қыркүйек айында Орталық Каспийде су сапасы СЛКИ бойынша «нормативті таза» деп сипатталды. 2017 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда теңіз суы сапасы өзгермеген.

Каспий теңізінің экологиялық жәй-күйіне әсер етуші гидрометеорологиялық жағдай: Орталық Каспийде теңіз деңгейі 2018 жылғы қыркүйекте минус 28,08 болған, максималды көтерілуі минус 27,59 м, ал минималды түсуі минус 28,56 м болған.

Су келу-қайтуының 5 жағдайы байқалған (кесте 6).

6 –кесте


2018 жылғы тамыздағы су келу-қайту жағдайы

станция	кезең	Су деңгейінің көтерілу/түсу биіктігі, см	Желдің басым бағыты, румб	Желдің максималды жылдамдығы, м/с
Форт-Шевченко	26-27.10	20	ссб	11
Саура	05-07.10	22	шсш	11
	12.10	18	о, б	4
	16-18.10	22	б	9
	28.10	24	об	3


Теңіз суындағы хлорофилл-а анықтау бойынша «NASA» АҚШ ұлттық космостық құрылымының космостық суреттерін талдау:

Биоиндикация жер үсті суының экологиялық мониторингіндегі жаңа бағыт болып саналады. Биологиялық нысандар қоршаған ортаға өте сезімтал келеді, әсіресе, нитраттар, фосфор және басқа ластаушы заттардың болуы. Фитопланктондар концентрациясының шамадан тыс көбеюі судың түсінің өзгеруіне әкеліп, мұндай жағдайда фитопланктондар уытты болады.


2018 жылғы қыркүйекте Орталық Каспийде хлорофилл-а концентрациясы, негізінен, 0,73-17,7 мг/м³ аралығында болған. Мөлшерінің көбеюі (17,2-17,7) Маңғыстау облысының жағалық аймақтарында қыркүйектің үшінші тоқсанында байқалған: хлорофилл-а концентрациясының көбеюі Кендірлі шығанағы, Құрық кенті ауданы, Ақтау қаласы жағалауларында байқалған. Хлорофилл-а мәліметтерін талдау декада сайынғы суреттер бойынша өңделіп, 4.3, 4.4, 4.5, 4.6, 4.7 суреттерінде берілген.




сур. 4.3 хлорофилла-а концентрациясын анықтауға арналған түс шкаласы




4.4-сурет. Орталық Каспийдегі 01.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы



4.5-сурет. Орталық Каспийдегі 11.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы



4.6-сурет. Орталық Каспийдегі 22.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы



4.7-сурет. Орталық Каспийдегі 30.09.2018 ж. хлорофилл-а өзгеру тенденциясы

11.8 Маңғыстау облысының жағалаулық станциялар мен кен орындары аумағындағы теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі

2018 жылдың қыркүйек айында Қара Боғаз теңіз түптік шөгінділер сынамасы алынды. Мұнай өнімдері мен металлдардан (мыс, никель, хром (6+), марганец, қорғасын және мырыш) талдаулар жасалынды.

Қара Боғаз: теңіз түптік шөгінділер сынамасының құрамындағы марганец 1,25 мг/кг, хром – 0,04 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,036%, мырыш – 0,4 мг/кг, никель 1,4 мг/кг, қорғасын – 0,0021 мг/кг және мыс – 1,25 мг/кг көрсеткіштері анықталды.

11.9 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 4 метеорологиялық станцияларда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына

бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) 2автоматты бекетінде бақылау жүргізілді(11.4-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,07-0,18 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

11.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияларда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.4-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,7 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.4-сурет. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,күкіртсутегі,фенол,хлор,хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM 10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),күкіртсутегі
4			Қазправда көшесі	Қалқыма бөлшектер,күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкіртсутегі
5			Естай көшесі, 54	PM 2,5 Қалқыма бөлшектері,PM 10 Қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),аммиак
6			Затон көшесі,39	PM 2,5 Қалқыма бөлшектері,PM-10 Қалқыма бөлшектері,озон (жергілікті).
7			Торайғыров-Дүйсенов көшесі	PM 2,5 Қалқыма бөлшектері,PM 10 өлшенген бөлшектері,азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 Қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірті сутегі



12.2-сурет. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (*төмен деңгей*), күкіртсутегімен № 1 бекет аумағында (*М. Жүсіп көшесі, 118/1*) анықталды ЕЖҚ=0% (*төмен деңгей*)(1,2-сур.).

Қалқыма бөлшектер (шаң) орташа шоғырлар 1,4 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртсутегі максималды бір реттік шоғырлары 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.


12.3 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.3-кесте).

12.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4«Г»	қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртсутегі.



12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=0 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0%(төмен деңгей).

Ластаушы заттардың орташа айлық пен бір-реттік максималды шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

12.4 Павлодар облысының жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 1 су нысанында жүргізілді (Ертіс өзені).

Ертіс өзені-судың температурасы орта есеппен 13,7°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,72, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 10,30 мг/дм³, ОБТ₅

орта есеппен $1,68 \text{ мг/дм}^3$. Ауыр металдар (мыс (2+)) $1,4$ ШЖШ бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Павлодар облысы аумағындағы Ертіс өзенінің су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2017 жылғы қыркүйек айымен салыстырғанда Ертіс өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

12.5 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

